№8-9 (294).
27 наурыз,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





ЖАҢАРҒАН КОНСТИТУЦИЯ ӘР АДАМНЫҢ ДАМУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЙДЫ

Мемлекет басшысы XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитовты марапаттады. Ақордада XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов пен оның бапкерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италияда өткен әлемдік дода еліміз үшін өте табысты болғанына тоқталды. Жаһандық бәсекеде отандасымыз Ербол Хамитов алтын және қола медаль жеңіп алды.

– Нағыз чемпион атанып, еліміздің мерейін үстем етті, көк Туымызды биікте желбіретті. Бұл – қазақ параспорты үшін тарихи жетістік. Ербол қазақтың қайсар, өр рухты әрі намысты ұлт екенін күллі әлемге паш етті. Сондықтан, ең алдымен, саған және бапкерлерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Паралимпиада ойындарына аттанар сәтте мен еліміздің көк Туын саған табыстадым. Сол артылған сенімді толық ақтап, Қазақстанға жеңіспен оралдың. Керемет нәтижеге жеттің! Соның арқасында еліміз командалық есепте 18-ші орынға табан тіреді. Үздіктердің ішінен алға шығып, чемпион болу оңай емес. Бұл – жылдар бойғы тынымсыз дайындық пен қажырлы әрі табанды еңбектің жемісі екені анық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы баршаға тең мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құрып жатқанымызды айтты. Жуырда қабылданған жаңа Конституция еліміздің жасампаз әлеуетінің айқын көрінісіне айналды.

– Жұртшылықпен ақылдаса отырып әзірленген Жаңа Халық Конституциясы ұлттық рухымыздың қуаты мен ауызбіршілігімізді, толеранттылығымызды паш етеді. Заң мен тәртіп үстемдік ететін, білім, ғылым, мәдениет, технология, табиғатты аялау және спорт құндылықтары дәріптелетін қоғамда өмір сүруге деген ортақ ниетімізді көрсетеді. Тәуелсіздігіміз, егемендігіміз бен мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, еңбекқорлық, жауапкершілік, патриотизм, сондай-ақ адами капиталды жан-жақты дамыту сияқты маңызды қағидаттар Ата заңымызға арқау болды. Сондықтан халқымыз конституциялық реформаны біртұтас қоғам болып жаппай қолдады, әр азаматымыз еліміздің жарқын болашағы үшін дауыс берді. Себебі мән-мазмұны жаңарған Конституция әр адамның дамуына жағдай жасайды. Ата заңда адам капиталын, яғни, білім, ғылым саласын және инновацияны дамыту елдің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды. Ұлт саулығын сақтауға баса мән берілді. Конституциямыздың басты мақсаты – еліміздің Тәуелсіздігін, Егемендігін және жерінің тұтастығын қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Енді алдымызда тұрған өзекті мәселе – Конституциямыздың негізгі қағидаттарын елімізде және шетелде кеңінен түсіндіру және дәріптеу. Қазақстан параспортшылары өздерінің тамаша жетістігімен, жарқын жеңісімен мемлекетіміздің мызғымас құндылықтарын нығайтуға мол үлес қосып жүр деп айтсақ артық болмас, – деді Мемлекет басшысы.

Ербол Хамитов әлемдік додаға аттанар алдында мемлекеттік Туды тапсырып, сенім артқаны үшін Президентке алғыс айтты.

– Осы Паралимпиада ойындары мен үшін үлкен жауапкершілік болды. Сіздің қолдауыңызбен жеңіске жеттік. Бұған мамандардың және бапкерлердің сіңірген еңбегі зор. Сіздің қолдауыңыз әр спортшыға күш-қуат береді. Біз мұнымен тоқтамаймыз, – деді Паралимпиада чемпионы.

Akorda.kz

Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовке

МАРАПАТ ПЕН МАҚТАНУ – АДАСУ!

Адасып берілген марапат немесе күрішті күрмектен ажырата білмеу халық наразылығын туғызды. Жуырда «Әділет. Рухани жаңғыру» республикалық саяси-мәдени газетінде «Шыңғырып тұрған шындыққа көңіл бөлсеңіз» деген мақала жарияланып, оқырмандарын дүр сілкіндіріп, халыққа ащы шындықты айқайлап жеткізген газетке ризашылық білдірген хаттар келіп түскен еді. Жазылған жайға оралуымызға да себеп болған – хаттар легі. Оқырманға түсінікті болу үшін аталған мақаланы қайталап басуымызға тура келді.



ШЫҢҒЫРЫП ТҰРҒАН ШЫНДЫҚҚА КӨҢІЛ БӨЛСЕҢІЗ!

Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Сіз Қазақстанның көрнекті қайраткер тұлғасысыз. Елге сіңірген ерен еңбегіңізді республика халқы өте жақсы біледі. Мемлекет тарапынан зор құрмет көрсетіліп, еңбегіңіз жоғары бағаланды. Санап жатпай-ақ қояйық, сан салалы қызметтерді абыроймен атқардыңыз.

Бүгінде республиканың ардагерлер ұйымын даналықпен басқарып, ардагерлердің абыройын жоғары ұстап, елге қызмет көрсетудің биік үлгісінде біліктілікпен басқарып келе жатырсыз. Осы айтылғандар құрғақ мақтау емес, сіздей ұлтымыздың ұлағатты перзентімен мақтанамыз. Өмір жасыңыз ұзақ болып, абыройлы қызметіңізге қылау түсірмей, қызықты, мағыналы етіп басқара беруіңізге тілектеспіз.

1) Аспанда құдай, жерде Асанбай заманында басшыға жағыну дәуірінде өмір сүрген Жеңісбек мырза бүгінде сол қасиетімен сіздің маңайыңызда құрдай жорғалап жүргенін ардагерлер адаспай танып-біліп отыр. Бұл әрекеті қоғам үшін емес, қарабас қамы үшін.

2) Жеңісбектің жемісі әлдеқашан піскен, Мәуленқұловтың мәуесі жерге түскен. Ол ардагерлер ұйымын 17 жыл басқарғанда айласын асырып, қалталы азаматтардан қайырымдылықты ардагерлерге деп сұрап алып, жанбасына басып, күнкөрістің күре жолын тауып, асығы алшысынан тұрып, сыртқа сыр бермей сырғып келе жатыр. Бойына қарасаң көңілің тояды, құлқынына қарасаң құрық бойламайды, ардагерлердің атын сатып, жан бағудың жайлы жерін тапқан. Мұндай асқанға тосқан болатын уақыт әлдеқашан жеткен. Сыр бермей сырғи бермекші.

Мемлекет басшысы да қызметте болу шегін белгілеген. Ал Жеңісбек жең ұшымен жалғасып, ар-ұятты аяққа басып, жымысқылықпен жылжи бермекші. Есті жандар ескеретін уақыт жетті.



Өмір болған соң, қызмет жолыңызда қыруар жандармен таныс-біліс болып, бірлесіп жұмыс істеуге тура келді. Абырой арқалаған адал, шыншыл, іскер жандармен қызмет істеу қызықты әрі жауапты. Жауапты болатыны көптің ішінен жағымпаздықтың жаттығуын терең меңгерген, бүкіл саналы ғұмырын осы бағытта баян еткен жандармен кездесіп, басшының сеніміне кіріп, адал жолдан адастырып, өзінің жымысқы әрекеті арқылы көптің көңіліне көлеңке түсіріп, арзан абырой жинап, жағымпаздықпен жан сақтап келе жатқандар кездеседі.

Ымырашыл қазақ ондайлардың бетпердесін ашып көрсетіп, басшыны да, басқаны да сақтандыруға бара бермейді. Өкініштісі сол – қоғамды лайландыратын, сасық ми, санасыздардан сақтандыратын әрекет әркез ескеріле бермейді.

Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай абыз өз баласы дана Абайға «бойыңнан үш бірдей мін көремін» деп санамалап айтып беріпті. Құнанбайдай абыз болмасақ та, ардагер қарттар ретінде Түркістан облысының ардагерлер ұйымының төрағасы Жеңісбек Мәуленқұловтың бойынан қыруар мінді көріп, қызықтаймыз, айлакерлігін асырып келе жатқанына таңданамыз да, жиіркенеміз. Атап көрсетсек:

1) Ел көшкенде, ебенек ұрған жұртта қалады деуші еді. Жеңісбек елден бөлініп «мінсіз» мінез танытты. Қызметі Түркістанда болса да, 7 жыл бойы Шымкенттен шықпай, құлаққа кірмейтін жел сөзбен желеу айтып, отырысын орынды санайды.

4) Басшыға тән «ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданың исі мұрнына бармайды, қарапайым ардагерлерге түйенің үстінде тұрып, менмендікпен сәлем береді. Кісілігінің кілтін аспанға іліп қойғандай.

5) Биылғы жылы аудандық ардагерлер ұйымының конференциялары өтіп, төраға сайлауы өтті. Сыбайластық сыртта қалмай, сыр беріп қалды. Жеңісбектің жымысқы әрекеті бұл жерде де қамырдан қыл суырғандай болды.

6) Қарттықтың белгісі — мағынасыз, маңызсыз көп сөйлеу дейді дана халқымыз. Жасы сексеннің сеңгіріне жетіп отырған Жекең, қазақшалап айтқанда «мылжың» сөзбен жүйкесі жұқарған ардагерлерді азар да безер қылып, сүйексіз тіліне ерік беріп, «көсемдік» танытқысы келеді.

2-бетте »

БЕРЕКЕМІЗ МАЛДА ЕДІ...



2-бетте »



70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ – ҮЛГІЛІ ӨМІР, ҮЛГІЛІ ЕҢБЕК

3-бетте »

МЫҢДАҒАН АЗАМАТТЫҢ АЙЫППҰЛЫ КЕШІРІЛУІ МҮМКІН



7-бетте »

Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовке

МАРАПАТ ПЕН МАҚТАНУ – АДАСУ!

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Ұлы дана билеріміздің бірі «тамыры суда тұрса да, уақытысы жеткенде, құрамайтын құрақ жоқ, суалмайтын бұлақ жоқ» деген екен. Дананың адамзатқа мысалмен айтқан сөзі бүгінде мағынасын жойған жоқ.

7) Халқымызда «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген сөз бар. Сынай айтсақ та, шындықты айттық. Асырып айтып, арымызды былғағымыз келген жоқ. Шындық пен әділдік тамырлас егіз ұғым. Осы екі ұғымды өмірлік ұстаным етіп келе жатқан біздер көптің көңілдегісін жеткіздік.

Сіз ақынсыз, халыққа жақынсыз. Төлеген ақын: «Ақын болу оңай дейсің бе, қарағым, аузында болу әрбір сыздаған жараның» деген екен. Сол айтқандай жараны жазатын сізсіз, сіздің кісілігіңізге кір келтірмеу – ардагерлер қауымының біздің міндетіміз.

Түркістанда өткен марапаттауда мақала кейіпкері Жеңісбек Мәуленқұлов 2-ші дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталып, көрерменнің көңілін бейжай қалдырды. Себебі «Мен не деймін, қобызым не дейді?» деген сөздің кері келгені байқалды. Мақаланың мазмұнына үңілсеңіз, кейіпкеріміздің марапаттау емес, басқалай сын садағына іліккенін көресіз. Оқырманды ойға қалдырғаны – ақ пен қараны ажыратпай, марапаттауға ұсыныс берген білдей мекеменің лауазымды тұлғасы нені көздеді екен? Оған араша түсіп, жауырды жаба тоқып көрсеткені ме? Немесе Жеңісбектің жетегінде кеткені ме? Өзінің іс-әрекетімен көптің көңіліне көлеңке түсірген ардагерлер басшысының айласына алданғаны деп түсінсек, дұрыс болар.

Қоғамда осындай адамдарға жасалған мақтау мен марапаттарды халық қабылдамайды, өйткені қолдан жасалған **«қолшоқпар»** батырлардан заман зар шегуде.

Орайы келгенде айтпаса болмас, әлеуметтік желіде мемлекеттік жүйенің билік сатысындағы биік лауазымды басшының әлемге әшкере болған іс-әрекетіне **«Шет елге арам дүниесін асырып, қымбат үй алғанын»** тиісті баға бермей, мемлекеттің биік марапаты – «Отан» орденімен марапатталғанын көрген халық марапаттаудың да маңызы кеткеніне көз жеткізген еді.

Енді «Түркістанды түлетеді» деген азаматтардың арасында Жеңісбектей жел тиместің марапатқа ие болуы оның **«жұдырық»** көрсетуіне тең болды.

«Адал адам, адал еңбек, адал табыс» деп отырған кезеңде айлакерлерге алданып қалмауымызды еске салу үшін жазылған жайды жаңғыртып, соңғы кездері елде марапаттау рәсімдері шүлен таратқандай тым көбейіп кеткенін ескертуге тура келді. Құрмет көрсету жағымды рәсім, бірақ оның кез келген кәсіби мереке кезінде жаппай берілуі жеңіл сипатта өтіп жатқанын көрсетіп отыр, тіпті жаза мен марапат ағайынды болып барады. Атақ-даңқтың бір ұрты қан болса, бір ұрты май болатынын қаперге алмайтындай болып алдық. Оны кейде жағымпаздықпен жасап жатырмыз. Биыл елімізде «еңбек адамы» жылына байланысты көптеген қарапайым жұмысшы адамдар марапатталды, оларға жоғары құрмет көрсетілді. Бұл бір қолдауға лайықты, жаңға жылу сыйлаған шара болды. Оны қоғам қолдады. Жалпы, марапат керек-ақ. Бірақ ол жөнімен болуы тиіс.

Еңселі ел болу – марапаттар таратудан тұрмайды. Марапат адамзаттың ақырғы рет толтыратын тас кесегі болмауы тиіс. Көңіл марапатпен тұманданса, сананы шел басады. Бұрын мемлекеттік марапаттар айтулы күндерде – тәуелсіздік мерекесі мен республика күндері тапсырылатын дәстүр болғанды. Қазір сол әдемі дәстүр бұзылды. Мемлекет басшысын Аяз атаға айналдырып, барған жерлерінде бір қалта ордендер мен медальдарды қолына ұстатып жіберетін дәстүр пайда болды. Наурыз мерекесіне орай Түркістанға барған сапарында да бір қоржын орден, медаль арқалап барып, елді жарылқап тастады. Егер ол осылай жалғаса берсе, мемлекеттік марапат құндылығын жоғалтып алатыны көрініс берді. Атақтың да, марапаттың да өз тәртібі бар.

Өткен жылы ғалым Асқар Жұмаділдаевқа ойламаған жерден Еңбек Ері атағы берілді. Алсын, оған қарсылығымыз жоқ. Бірақ оның реті болуы керек еді. Академик марапатқа өзі де таң қалып, оны алу үшін, белгілі бір орденің болуы керек екен, «Ал менің бірде-бір үкіметтен алған марапатым жоқ болып шықты. Дегенмен алдым», – депті. Беріп тұрғасын қайтарып бермейді ғой...

«Ең құдіретті құштарлық – атаққұмарлық, мені осы құштарлықтан құтқарар біреу болса, қалғандарынан мен өзім ақ құтылар едім», – депті ағылшын драматургы Ширидан. Драматургтың айтқанын одан әрі күшейткен атақты философ Пьер Де Бомарша: «Ақымақтық пен атаққұмарлық – айрылмас достар», – депті. Қазір қарап отырсақ, бесіктегі мен есіктегінің кеудесі толған орден, медальдар, олар оның қадірінде біле бермейді. Соған қарап, ендігі ұрпақтың бүкіл аңсары – тақталас пен марапат алуда болатын сияқты. Егер олар сол құрметке лайықты болатын болса, оған дау жоқ, бұл жағдайда қанағат та керек.

Біз атақ пен марапат жөнінде өз пікірімізді айттық. Қоғам мүшелері бұл жайға көңіл бөліп, пікірлерін айтып жатса, газет бетінде жариялауға дайынбыз.

P.S. Редакция тарапынан Мәуленқұлов мырзаға арнайы барып, «Осы көтерілген мәселе бойынша өзіңіздің қандай пікіріңіз бар, уәжіңіз бар болса айтыңыз, біз сіздің ойыңызды, көзқарасыңызды жариялауға дайынбыз» деп алдынан өттік. Өкінішке қарай, жауап беруден бас тартты. Ал біз үшін халықтың, оның ішінде ардагер ақсақалдарымыздың наразылықтары мен жанайқайлары маңызды боп саналады. Ардагерлер тарапынан толассыз келіп жатқан пікірлер редакциямызда жиналып жатыр. ҚР Ардагерлер ұйымының төрағасы Б. Ізмұхамбетов мырзадан мәселеге қатысты жауап күтеміз.

Төрт түлік – халқымыз үшін қашаннан негізгі күнкөріс көзі. Аталарымыз тынымсыз көшіп-қонып жүрсе, ол өзінің жайын ойлағандықтан емес, әуелі малдың жайын ойлағандықтан көшіп-қонып жүрді. Амандасқанда да жаннан бұрын малдың жайын сұрайтыны туралы айтпай-ақ қояйық. Қазақ малды сонша неге өзіне жақын тұтты, неге жанындай жақсы көрді? Дүниеқоңыздықтан ба? Малдың бір жұттық екенін білген қазақ, дүние мен малыңды шашу үшін жинайтын қазақ (Қадыр Мырза Әлі) соншалықты дүниеқоңыз болмаса керек-ті. Біздіңше, табиғатпен етене тұрмыс кешкен аталарымыз берекенің малда екенін қапысыз ұғынды. Мал кетсе, берекенің қоса кететінін жан-жүрегімен түсінді. Оның "Мал ашуы – жан ашуы" деген сөзінде осындай сыр жатса керек.



БЕРЕКЕМІЗ МАЛДА ЕДІ...

Біз – аграрлы елміз. Оның ішінде малға бейім елміз. Ол жұрт ойлағандай қорлық емес, өзіңе тән ерекшелігің, тіпті артықшылығың. Кешегі ел үшін еңіреп өткен ерлердің қай-қайсысының да бір арманы осы иен жатқан ен даланы малға толтыру еді. Қазақтың басынан ондай бақытты замандар да өтті, таяқ ұстап қалған күндері де болды. Бірақ қандай жағдайда да аталарымыз кәсібін ауыстырмады, төрт түлікке адал болды. Бәлкім содан шығар, басынан талай нәубеттер мен зұлматтарды өткізсе де даладан береке қашқан жоқ.

Сол қазақтың ұрпағы бүгін малын сата бастады. Сатқанда да тура бүгін-ертең басқа мемлекеттерге қоныс аударатындай сатынып-суына бастады. Неге? Себебі, күннен күнге өріс тарылып барады.

Елде жайылымның тарылып бара жатқанын алғаш проблема етіп көтерген басылымдардың бірі – "Оңтүстік Қазақстан" газеті еді. Мәселені шешпеген шығармыз, бірақ қоғамдық пікірге қозғау салғанымыз анық. Көп кешікпей билік жайылымдық жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып ала бастады. Алайда, бұл шараның соңы сұйылып кетті. Сұйылып кеткені өз алдына, экономикалық саясатта инвестиция тарту деген мәселені бірінші орынға шығардық та, елімізге инвесторлар ағыла бастады. Дұрыс-ақ, онсыз экономиканы өрге сүйреу мүмкін емес, бұл – бүкіләлемдік үрдіс. Бізге инвесторлар негізінен Қытайдан келіп жатыр. Ал, олар "ананы егемін, мынаны егемін, оны тамшылатып суарамын, жаңбырлатып суарамын" деп тек жер сұрайды. Сұрағанын беріп жатырмыз, олар егіп жатыр.

Бұрын Түркістан облысында мақтаны Мақтаарал, Жетісай, Шардара, Сарыағаш, Келес, Ордабасы аудандары ғана егетін. Рас, Отырар ауданы мен Созақ ауданының кейбір алқаптарына отызыншы жылдары мақта егілген екен, олар жаман да өнім алмаған. Алайда, соғыстан кейінгі жылдары кеңес өкіметі бұл аудандарды тек мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға айналдырыпты. Одан Отырар да, Созақ та ұтылған жоқ, екі ауданның алдына ақтылы мал бітті.

Соңғы екі-үш жылдың көлемінде Отырар ауданы қайтадан мақталы ауданға айнала бастады. Қытайлық инвесторлар иен даланы жыртып тастап мақта егіп жатыр. Билік бұлардан келетін пайда ұшан-теңіз деп отыр. Пайда келсе келіп те жатқан шығар, бірақ соның берекесі байқалмайды. Мұндағы о баста ішегі малмен ағарған ел қазір төрт түлігін жаятын жер таппай қалды. Ана жерге де қытай мақта егіп тастаған, мына жерге де қытай мақта егіп тастаған.

Алдымен қашанғыдай байлар есін жия бастағандай. Кешегі Наурыз мерекесінде елге барғанда естіген әңгімем: Пәленшекең 500 түйесін сатып жіберіпті, Түгеншекең 200 түйесін сатыпты. Ал, ана ағамыз түйелерін Бесторанғылдың жайылымына көшіріпті. Ертең ол жерге де бір инвестор келіп мақта егемін десе, өкімет екі сөзге келмейді, жерді соған береді. Ондай жағдайда әлгі ағамызға да сатынып-суынуға тура келеді.

Қазір кедейлер ғана қолдағы бесалты ұсағы мен сауын сиырын бір жолдың бойымен айдап апарып, бір жолдың бойымен айдап қайтады. Алайда, бүкіл елді кедейдің малы емес, байдың малы асырамайтын ба еді?!

Бай малынан айырылса, оның қалада дайын там-тасы бар, басқа да бизнесі бар, кедей малдан айырылса, ол қайда барады? Бәрі бірдей қытайдың мақтасын егісе ме, бәрі бірдей қытайдың мақтасын жинаса ма? Малынан айырылса, амал жоқ, олар да жұрт ағылып жатқан қалаға қарай бет түзейді де. Ал, онда оны күтіп отырған ешкім жоқ, не там-тасы жоқ, не жұмыс жоқ, мемлекеттің сансыз проблемасына тағы бір проблема болып қосылады. Төрт түліктің береке екеніне осыдан кейін де көз жеткізбесек, онда өмір бойы ешнәрсеге көз жеткізе алмай өтетін шығармыз.

Мен экономист емеспін. Экономикалық есеп-қисап бойынша расында да пайда төрт түлікте емес, қытай еккен мақтада шығар. Оған сөз таластыруға дәрмен жоқ. Бірақ берекенің малда екеніне қапысыз көзім жетеді. Әйтсе де оған Үкіметтің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің көзі жетпесе, менің ғана көзімнің жеткені ешқандай мәселені шешпейді ғой, солай емес пе?!

Мына сайын дала төрт түлік малдан жыртылып-айырылып жатуы керек еді ғой. Қорада малымыз тұрса, мақтаның бір мәнісі болар еді де. Олжеке, Олжас Бектенов мырза, бұған сіз не айтасыз?

Абай БАЛАЖАН

ОМУРАЛИЕВКЕ “МЕРЕЙ” ОРДЕНІ ТАПСЫРЫЛДЫ

2026 жылғы 26 наурызда Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы арнайы өкілі, Халықаралық Дінмұхамед Қонаев қорының Алқа мүшесі және Қазақстанның Ыстанбұлдағы алғашқы консулы Ержан Уәйіс Түркі мемлекеттері ұйымы Хатшылығында ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиевке Халықаралық Дінмұхамед Қонаев қорының “Мерей” орденін табыс етті.



ЫСТАНБҰЛДА НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Ыстанбұл қаласы Фатих ауданы «Топкапы Түрік дүниесінің мәдени ауданында» Наурыз мейрамы шеңберінде түркі мемлекеттері Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Татарстан, Башқұртстан және Солтүстік Кипр Түрік Республикасының бірлестік шарасы ұйымдастырылды.







Аталған шара Ыстанбұл мэриясы тарапынан қолдау алып, қала мэриясының уәкілі Нури Аслан мырза әр түрік үйін аралап, жоғарыда аталған елдердің Бас консулдары және ресми уәкілдерімен кездесіп, ұлттық тағамынан дәм татып, өнерлерін тамашалап, мұражайларын аралап шықты. «Қазақстан» үйінде мэрия өкілін Қазақстанның Ыстанбұлдағы Бас консулы Нұриддин Аманқұл қарсы алды. Сонымен қатар, бұл шарада Түркі мемлекеттері халықаралық ұйымы (ТМҰ) Бас хатшысының орынбасары, дипломат Мерей Мұқажан, Ыстанбұл қаласындағы консулдарымыз Елдар Иманқұлов, Алмас Есенқұлов, алқашқы Қазақ консулы, Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас кеңесшісі Ержан Уәйіс, «Шаңырақ» қазақ ресторанының директоры Шүкір мырза, «Томирис Хатун» Түркі әлемінің мәдениет, өнер және білім қауымдастығының жетекшісі Анар Байжан және басқа да қазақ зиялылары қатысты.

Сондай-ақ, «Наурыз көжеден» бастап қазы-қартасы, құрт-ірімшігіне дейін қазақтың ұлттық тағамдарын қонақтарға дәм таттырған Ыстанбұл қаласындағы «Шаңырақ» қазақ ресторан болса, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, жергілікті қонақтарға қазақ салтын таныстырып, өнер көрсеткен «Бірлік» қазақ студент жастар қауымдастығының белсенділері еді.

«Қазақстан» үйінің қарама-қарсысында орналасқан Қырғыз бауырлардың да сән-салтанаты ерекше өтті. Қырғыз Бас консулы Чыңгыз Токтобековтың жетекшілігінде ұйымдастырылған шарада қырғыз ағайындар ұлттық тағамдарын ұсынып, ұлттық аспабы комузда дәстүрлі әндерін шырқады, әжелер болса кимешектерін киіп, оюлы әшекей-бұйымдары мен киімдерін ұсынды.

Айта кететін тағы да үлкен бір жаңалық, «Қазақстан» үйіне естелік ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері және Халықаралық Д.Қонаев атындағы қордың алқа мүшесі Ержан Уәйіс «Топкапы мәдени ауданының» жетекшісі Абдулметин Кескин мырзаға Қазақстанның басшысы, ұлы тұлға Дінмұхаммед Қонаевтың портреттерін табыстады. Енді қазақ көсемінің тарихи естелік суреті Ыстанбұл қаласында қазақтың мәдениеті және тарихымен таныса келген әрбір адамға таныстырылады.

Осылайша, күннің суығына қарамастан әз Наурызды тойлау мақсатында Түркі әлемінің Ыстанбұлдағы консулдықтары, белсенділері, зиялылары мен қоғам қайраткерлері, әрине де студент жастары ұйымдастырған ұмытылмас шара көзге ыстық көрініп, көңілге жылу берді. Осы ұлттық мейрамымызды ескеріп, Түркия төрінде тойлатуға қолдау көрсеткені үшін Ыстанбұл қаласы мэриясына алғысымызды айтамыз.

Әрине, Наурыз мейрамы мұнымен аяқталмады. Ақсарай ауданында мэрияның ұйымдастырылуымен үлкен концерттік бағдарлама қойылды. Бағдарлама басында Ыстанбұл қаласы мэрінің уәкілі Н.Аслан Түркі мемлекеттерінің Бас консулдары, ТМҰ Бас хатшысының орынбасары Мерей Мұқажан мен Татарстан, Башқұртстан ресми уәкілдерімен бірге сахнада балғамен отқа түскен темірді ұрып, ежелгі Түркі қағанатының көктем айындағы дәстүрін қайталады. Домбырада күй тартылды, ән шырқалды. «Томирис Хатун» ұйымының қыздары да татар, башқұрт өнерпаздарымен бірге концерттік бағдарлама ұсынды. Ұлттық билер қойылып, дүбірлетіп, Түркінің мейрамын жоғары деңгейде тойлап өттік. Түркі әлемінің Түркиядағы өкілдері үлкен әсер алып, ойдағыдай демалып қайтты.

Жаңа жылымыз әз Наурыз мейрамы құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Халқымыз сүрінбей белестерден көріне берсін! Түркі әлемінің бірлігі мен ынтымақтастығы ешуақытта тоқтамай, бір Атадан тараған ел болып, достығымыз жалғаса берсін!

Ер УБАЙДИН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Ыстанбұл қаласы
Түркия

adilet-gazeti.kz

70 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ – ҮЛГІЛІ ӨМІР, ҮЛГІЛІ ЕҢБЕК



Бүгін медицина ғылымының кандидаты, жоғары санатты дәрігер, өз ісіне адал қызмет еткен тәжірибелі маман Маймақов Әнуарбек Әбдібекұлы 70 жасқа толып отыр. Бұл мерейтой – оның өмір жолындағы жарқын жетістіктер мен ізгі істерді еске алатын ерекше күн, мерейлі мереке.

Әнуарбек Әбдібекұлы 1981 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтының педиатрия факультетін бітіріп, сол жылы еңбек жолын Шымкент қалалық №2 балалар ауруханасынан бастаған.

1984-1985 жылдар аралығында облыстық кәсіподақ комитетінің сенімді дәрігері қызметін атқарған.

1985-1989 жылдар аралығында №2 балалар емханасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1989-1992 жылға дейін №3 балалар медициналық бірлестігінде бас дәрігер қызметін атқарды.

1992-1999 жылдар аралығында облыстық денсаулық сақтау департаментінің бастық орынбасары қызметін атқарған.

1999-2001 жылдары қалалық денсаулық басқармасы бастығы.

2001-2003 жылдары қалалық туберкулезге қарсы департаментінің бас дәрігері қызметтерін атқарды.

2003-2007 жылдары қалалық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері, 2007 жылдың тамыз айы мен желтоқсан айлары аралығында Сарыағаш аудандық медициналық бірлестігі бастығы 2008 жылы облыстық денсаулық сақтау департаменті бастығы орынбасары.

2008-2009 жыл аралығында облыстық денсаулық сақтау департаментінің бастығы қызметін атқарды, қазіргі таңда «Сымбат-Нұр» медициналық орталығында кеңесші қызметін атқарып келеді.

Әнуарбек ағаның өмір жолы – адал еңбек пен жанашырлықтың айқын үлгісі. Ол Шымкент пен Түркістан өңірлеріндегі балалар ауруханалары мен жұқпалы аурулар диспансерінде, облыстық денсаулық сақтау басқармаларында жемісті еңбек етті. Медицина саласына арнаған отыз бес жылдық саналы ғұмырында қаншама сырқат жандарды емдеп, адамдардың денсаулығы мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырды, жас мамандарға кәсіби тәжірибе мен білімін үйретті.

Сонымен қатар, Әнуарбек Маймақов өзін білікті, тәжірибелі маман ретінде де жан-жақты көрсете білді. Атап айтсақ, 1994 және 1997 жылдары Израиль, Индонезия, Түркия, Сингапурда болып білім деңгейін жоғарылатты. 2011 жылы Германия және Литва мемлекеттерінде болып, медицина мекемелерін тиімді басқарудың қыр-сырын меңгеріп келді. 2013 жылы Токио қаласында білімін жоғарылатты.

Оған қоса, білікті маман тәжірибелік қызметін ғылыммен байланыстырып, 1998 жылы ізденуші ретінде ғылым диссертациясын қорғап медицина ғылымының кандидаты атты ғылыми дәрежесін алды. Қазіргі таңда ол 29 ғылыми мақаланың авторы.

Одан бөлек, Әнуарбек Әбдібекұлы басшылығымен қалалық жұқпалы ауруханасында «Гельминтозы у детей» тақырыбында аймақтық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Қорыта айтқанда, Дәрігерлік шеберлігі мен ғылыми еңбегі арқасында Әнуарбек Маймақов медицина ғылымдарының кандидаты атағын иеленді, жоғары санатты дәрігер мәртебесін алды. 2002 жылы облыстық Мәслихатының депутаты болып сайланды. Түркістан облысы Түлкібас ауданы «Құрметті азаматы» атанды. Оның даналығы мен тәжірибесі қазіргі жастар үшін таптырмас үлгі-өнеге!

Бүгінгідей мерейлі мерекеде, таутұлға ағамыз Әнуарбек Әбдібекұлына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығы мен мол бақыт тілейміз. Сіздің әр күніңіз қуанышқа, кәсіби табысқа және ізгі істерге толы болсын, демекпіз.

...Көш-керуеніңіз ешқашан тоқтамасын, ұрпағыңызбен жасай беріңіз!

Иманәлі БАЙДӘУЛЕТОВ,
медицина ғылымдарының докторы, профессор:

ЖҮЗ ЖАСА, БАУЫРЫМ!



Бүгінгі мерейтой иесі Маймақов Әнуарбек Әбдібекұлы мен 1992 жылдың басынан бері таныспын. Оған себеп болған жайт мен сол жылы Оңтүстік Қазақстан облысының ең тұңғыш әкімі, академик, Қазақстан Республикасының жоғарғы кеңесінің халық депутаты Марс Фазылұлы Үркімбаевтың шешімімен Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып тағайындалдым. Ол кезеңде «команда» деген ұғым болған жоқ, бірақ жаңадан келген басшы жұмысты бастау үшін өзінің төңірегіне жылдам, тез уақыттың ішінде жұмыс атқаратын, халықтың денсаулығына тікелей жауап беретін азаматтарды іздеп тауып, топтастыру керек болды. Мен де Марс Фазылұлы мен жоғарғы кеңестің еңбекші ауданынан тағайындалған халық депутаты болдым. Көп мәселені ол кісі маған сеніп тапсырды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының жұмысына ол кісі тікелей өзі араласқан жоқ. Ол кезде тәртіп сондай болды. Облыстық деңгейдегі әр мекеменің басшысы қарамағындағы мамандарды өзі тағайындауға құзіреттілігі болатын.

Әнуар Әбдібекұлын жолықтыруыма ол кісінің белсенділігі сеп болды. Менің ол кезеңдегі тәжірибемде тек ересек науқастармен жұмыс жасайтұғынмын. Ал балалармен жұмыс жасайтын педиатрларды аса жақсы біле бермедім. Сол кезеңде маған бір жас жігіт келіп Шымкент қаласы №3 балалар ауруханасының бас дәрігері екенін таныстырып кеткен. Менің сол уақытта педиатр маманын іздестіріп жүрген шағым. Сол бір тұрақсыз кезеңде оның үстінде облыс ана мен бала өлімі бойынша көрсеткіші көңілден шықпайтын. Тығырықтан шығу үшін жалындаған жастың жаңаша ойымен жұмыс істей алатын азамат керек болды. Уақыттың тығыздығына байланысты Әнуар Әбдібекұлына өзім ұсыныс жасадым. Ол ұсынысымды қабыл алды. Жоғарыда айтып өткенімдей уақыт өте тығыз, ал атқару керек шаруа шаш етектен болды. Сол себепті мен жоғарыдағы басшыларға айтуды ұмытып кетіп, өзімнің бұйрығыммен ол кісіні лауазымға тағайындадым. Менің шешімім өз кезегін ұзақ күттірмей нәтижесін көрсетті. Әнуар Әбдібекұлы өзінің белсенділігі мен артылған жауапкершілікке абыроймен қарап азаматтық борышын адал орындады. Бүгінде сол кездегі таңдауыммен мақтана аламын. Жүз жаса, бауырым!

Бәтеш АЙТБАЙҰЛЫ,
жоғары санатты дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, уролог-андролог, хирург дәрігер. «Сымбат-Нұр» медицина орталығының директоры - бас дәрігері

ТЕКТІ ТҰЛҒА



Мен Әнуарбек Әбдібекұлы Маймақов ағамызбен көптеген жылдар бойы медицина саласында қоян-қолтық жұмыс жасадық және жұмыс жасап та келеміз. Дәрігерлікпен қатар, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстаған Әнекең біз үшін асыл тұлға. Әсіресе Оңтүстік медицинасының дамуына ерекше үлес қосқан абзал азамат. Бас дәрігер болсын, денсаулық сақтау басқармасының басшысы болсын бірқалыпты кішіпейіл қалпымен талайларды тәнті еткен байсалды мінезімен медицина саласындағы жастарға үлгі бола білді. Ол қай жерде жүрмесін ұжымды қаймақтай ұйытып, сапалы жұмыстарды дәлелімен көрсете білді. Осы орайда есіме болған оқиға түсіп отыр. Бірде тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысына іссапармен келіп, облыс активімен жиналыс жасады. Жиналыс өте қатал болып, патшаның қаһары қатулы еді. Облыс басшылығы орнынан тік тұрып, патша алдында есеп беріп жатқан. Талай басшылар сол заматта жұмыстан босап жатты. Жиналыста отырған Әнекең ол кезде Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы еді. Сөз кезегі Әнекеңе берілді. Патшаның қаһарын көріп тұрса да, мінберге батыл шығып тайсалмай сөйлеген Әнекең облыс медицинасындағы жетістіктерді айта келе,

- «Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы сіздің пәрменіңізбен 100-ге жуық жаңа жедел жәрдем автокөліктерін пайдаланып, ел игілігіне жұмсап жатырмыз. Науқастар да, дәрігерлер де ризашылықтарын айтып жатыр» - деп айтып салды. Президент Әнекеңе қарап көзілдірігін шешіп: - «Байқаңдар, жаңа жедел жәрдем көліктерімен Құдай берді деп тойға барып жүрмеңдер тағы» - деп күліп жіберді. Содан жиналыстың соңы жақсы көңіл-күймен аяқталып, талай басшылардың патшаның қаһарынан аман қалған жағдайы болған. Осындай қызық жағдайлардың куәсі болдық. Бұл Әнекеңнің батылдығының бір белгісі деп қойыңыздар.

Жалпы, Маймақтың немересі Әнекең сыйластық пен ізгілікті, еңбекқорлық пен ізденімпаздықты қатар алып жүретін қасиет иесі. Балалар медицинасына қосқан үлесі бөлек әңгіме. Бүгінде біз білікті медицинасының қас маманы, ұстаз ағамызбен «Сымбат-Нұр»-да бірге қызмет жасап жатырмыз. Әнекеңнің әлі де елге берері көп. Қаншама шәкірттер кеңес алып, қызмет жасап келеді. Бүгінде ағамыз жетпістің желкесіне жетіп отыр. Жетпіс – бұл жас емес, бұл – даналықтың шыңы, өмірдің алтын қорытпасы. «Жас ұлғайған сайын жылдар емес, парасат көбейеді» дейді дана халқымыз.

Сіз сол парасаттың биігіне көтерілген текті тұлға, ұрпаққа үлгі болып отырған асыл жансыз. Бойыңыздағы бар жақсы қасиеттер мен кәсіби біліктілігіңіз жас мамандардың бойынан табылсын. Алла сізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық берсін. Ұрпағыңыздың қызығын көріп, абыройыңыз асқақтай берсін!

ТІЛ САҚШЫСЫ



Бүгін Шымкент қаласының сотында ұзақ жылдар баспасөз хатшысы болып абыройлы қызмет атқарған, білікті маман Қабыл Дүйсенбидің туған күні. Ол қазақ тілінің шын жанашыры ретінде танымал. Көп жылдар бойы қала көшелеріндегі атаулардың дұрыс жазылуына, мекеме маңдайшалары мен көрнекі ақпараттардағы тілдік қателердің түзетілуіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Менің Қабыл Дүйсенбимен таныстығым да осы тіл жөніндегі материалдарын "Шұғыла" атты газетке жариялатуға алып келгенінен басталды. Ойы орнықты, тіл тазалығы десе ішкен асын жерге қоятын Қабекеңнің талай материалдары жарыққа шықты. Ол қаладағы талай қате жазылған мекемелер атауының жөнделуіне көп ықпалын тигізді.

Қазір зейнет демалысына шықса да, қоғамдағы тіл шұбарлығымен күресін бір сәтке де тоқтатпай, ұлт мүддесі жолында қажымай еңбек етіп келеді. Осындай азаматтық ұстанымы биік тұлғаны бүгінгі туған күнімен құттықтай отырып, оған мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс және отбасылық бақ-береке тілеймін!

Базаркүл ҚАЛБЫР

P.S. Осы қуанышты сәтті пайдалана отырып, біз де әріптесімізді туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қаламыңыз қарымды, ойыңыз ұшқыр болсын! Журналистік жолыңызда әрдайым шындықты ту етіп, биік белестерді бағындыра беріңіз. Жазған әр материалыңыз оқырман жүрегінен орын тауып, еңбегіңіз елене берсін.

Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, шабыт пен жаңа жетістіктер тілейміз! Әр күніңіз жарқын жаңалықтарға толы болсын!

«Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің ұжымы.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІС АУАДАЙ ҚАЖЕТ



Президентіміз Алматыдағы ғалымдармен өткен кездесуінде бізге "менталдік революция" қажет дегенді айтты...

Иә, мына технологиялардың революциялық жағдайларында қоғамның сана мәдениетіне өзгерістер керектігі, әсіресе бүгін білім мен ғылым жолындағы жас ұрпаққа менталдік тұрғыда психологиялық өзгеріс ауадай қажет. Мысалы, бүгінгі жастардың басым бөлігінің менталдік ұстанымы ол – білім алудан бұрын диплом алу жағдайында екенін жасырмаймыз... Міне, соған өзгеріс керектігі, яғни бірінші диплом емес, білімнің маңыздылығына бағытты.

Білім мен ғылымда да нарықтық-демократиялық ұстанымдағы батыстық менталитетке ұмтылудың қажеттігі негізінде біздің білім жүйеміз европалық менталитетке 2010 жылы Болон жүйесі арқылы байланды емес пе? Бірақ өкініштісі, Болон жүйесінің қазақстандық ережелері қоғамдық менталитетке адаптацияланбауы ғылым мен білімнің сапасын емес, жасандылығын арттыруын 16 жылдық кезеңде аңғарып та қалдық емес пе... Соның әсерінен бүгінгі таңда "лидерлік позицияларға" жасанды ғалымдар қаптап кетті...

Иә, әсіресе магистратура мен PhD докторлар даярлауда көрсеткіштеріміз, шынайылықтағы талқыға салсақ, регрестік көрсеткішіміз басымдықта екені рас.

Негізі ата-баларымыз дұрыс айтқан екен: «Елу жылда ел жаңа" дегенді.

Егер бабаларымыздың айтқандарымен санассақ, онда біз шамасы менталитетімізге қайшылықтағы жүйені (Болон) 30 жыл бұрын енгізген екенбіз. Сондықтан болса керек, Президентіміз де менталдік революцияның қажеттігін айтуы.

Тальжан РАИМБЕРДИЕВ.

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР: САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тұран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы *«Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы»* бойынша Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Кодексіне сәйкес *(әрі қарай – Салық Кодексі)* енгізілген өзгертулер бойынша салық төлеушілер назарына ұсынады.

Салық Кодексіне сәйкес салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің 20 түрлері болса, оның ішінде 11 салықтар және 9 бюджетке төленетін төлемдер.

Мүлік салығы – мемлекет бюджетіне төленетін міндетті салықтардың бірі. Мүлік салығының төлеушілері заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар болып келеді.

Бірінші Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы бойынша қысқаша тоқталатын болсақ.

Бұл салық дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың иелігіндегі жылжымайтын мүліктерге, яғни меншігіндегі ғимараттар, құрылыстар және шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілерінің құнына байланысты төленетін міндетті салық *(Салық Кодексінің 588-589 баптары)*. Мүлік салығы жергілікті бюджетке түседі және жергілікті бюджеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Салық салу объектілері Салық Кодексінің 590-бабында атап ашып көрсетілген.

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің жылдық орташа баланстық құны жүргізілген мүлікті қайта бағалауды ескере отырып, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері - салықтық база болып табылады.

Бұл ретте мүлікті мұндай бағалау әр үш жылда бір реттен сиретпей жүргізілуге тиіс *(591-бап)*.

Салықтық мөлшерлемелер *(592-баб)*:

1. Заңды тұлғалар мүлік салығын салықтық базаға 1,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

2. Дара кәсіпкерлер, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мүлік салығын салықтық базаға 0,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

3. Коммерциялық емес ұйымдар; әлеуметтік салада қызметті жүзеге асыратын ұйымдар; мүгедектігі бар адамдардың мамандарырылған ұйымдары; негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын ұйымдар; мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының объектілері бойынша заңды тұлғалар; ауызсумен жабдықтау объектілері бойынша заңды тұлғалар және 592 баптың 3-тармағында аталған заңды тұлғалар мүлік салығын салықтық базаға 0,1 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

Аталған заңды тұлғалар пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша мүлік салығын салықтық базаға 1,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді және төлейді.

5. Мүлік салығын салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлеме бойынша төлейтін тұлғалар 592-бапта атап ашып көрсетілген *(дербес білім беру ұйымдары, бастауыш мектеп (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қоса алғанда), негізгі мектеп, жоғары мектеп, орта білімнен кейінгі білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша; қосымша білім беру жөніндегі қызметі; ғылыми-техникалық, инновациялық, ғылыми-зерттеу қызметі (іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда); арнайы экономикалық аймақтар аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар; инвестициялар туралы келісім жасасқан тұлғалар және т.б.)*.

Салық Кодексінің 593-бабына сәйкес салық төлеушілер салықты есептеуді салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Жаңа Салық Кодексі бойынша салықты есептеу және төлеу тәртібіне біршама өзгеріс енгізілгенін 596-баптың 1-ші тармағынан аңғарсақ болады.

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық салу объектілері бойынша дара кәсіпкерлер *(оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда)* және заңды тұлғалар, егер олардағы салықтың есептік сомасы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің **300** еселенген мөлшерінен асатын болса, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеушілер болып табылады.

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеушілер салық салу объектілерінің тұрған жері бойынша салық органдарына салық бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын (701.01 СЕН) ағымдағы салықтық кезеңнің 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады және есептелген салықты 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей, тең үлестермен төлейді.

Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар *(оның ішінде жеке практикамен айналысатын адамдар)* – мүлік салығы бойынша декларацияны (700.00 СЕН) салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде ұсынады және есептелген салықты 10 сәуірден кешіктірмей төлейді. Уақытында төленбеген жағдайда өсімпұл есептеледі және айыппұл салынуы мүмкін.

Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің мүлік салығы – кәсіпкерлік қызметтің маңызды элементтерінің бірі. Ол жергілікті бюджеттердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Сондықтан кәсіпкерлерге салық заңнамасын сақтап, мүлік салығын дұрыс есептеп және өз мерзімінде төлеу қажет екендігі жайында хабарлайды.

Қ. Т. ҚҰДИЯРОВ,
Тұран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары



Ахмет ТОҚТАБАЙ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жыл басы – Наурыз

Наурыз қазақта Ұлыстың ұлы күні, яғни халықтың, мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Сонымен қатар «Наурыз» сөзінің қазақ ұғымында бірнеше мағынасы бар:

1) жаңа жылдың бірінші күні;

2) жаңа жылдың бірінші айы;

3) қазақша жаңа жыл;

4) наурыз мейрамында берілетін ас тағамдардың аты (Наурыз көже);

5) жаңа жылда айтылатын өлеңдер мен жырлардың аты (қазақ әдебиетінде «наурыз жырлары» деген атпен белгілі).

Қазақ жұлдызнамашыларының есебіне сүйенсек, қыс пен жаздың ауысатын уақыты 9 наурызға дәлме-дәл келген. Қазақтар осы тағылымды орыстың қол астына түскенге дейін берік ұстанып келген және ескі жылдың шығып, жаңа жылдың кіруін 8 күн бойына мерекелеген. «Қазақ газеті» шығып тұрған кезде жылма жыл тоғызыншы наурызда Алаш зиялылары наурыз мейрамының мән-жайы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырған. Сөйтіп, Алаш зиялылары көктем мерекесін азаттық идеясымен мазмұндастырған.

Наурыз қазақ пен оған бауырлас шығыс халықтарының ықылым замандарда отқа, күнге, айға, суға табынған кездерінде пайда болған, яғни табиғаттың қойнынан, күн мен түннің теңелуінен шыққан маусымдық мейрам.

Зороастризм дінін, оның негізі жазылған үндіеуропа тілдерінің түп қазығы болып табылатын «Авесташаны» ұзақ зерттеген ағылшын шығыстанушысы Мэри Бойстың пікірінше «Ең үлкен зороастрлық наурыз мерекесін Зәрдөштің өзі жасаған» [6-10 б]. Сондай-ақ ол «Пайғамбар Зәрдөш көне дәуірде өмір сүрген, оның жолын ұстаушылардың өзі оның қашан, қайда пайда болғанын ұмытқан, бұрын әртүрлі ірандық тайпалар Заратуштраны өз отандарында болған деп көрсетуге тырысты. Көпке дейін ол Иранның солтүстік-батысында, Әзербайжанда өмір сүрген деп те көрсетілді. Шын мәнінде ол Азия даласында, Еділдің шығыс жағында өмір сүргені анықталды» деп тұжырымдайды. Ал ғалым Е.Э.Бертельс «Зәрдөш б.з.д. VI ғасыр аяғында өмір сүрген» деп нақтылай түседі [6-13 б].

Қазақ шежірелеріне қарағанда «Наурыз бен Алаш бірге туған адамдар»:

Қазақтан – Наурыз,
Алаш екі ұл туған,
Наурыздың деп айтады
үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз
жазғытұры,
Келер жыл көктемде оның
беріпті асын.
Қазақтың балалары
сонан бері,
«Наурыз» деп қойыпты атап
жылдың басын [14].

Наурыздың қазақ қоғамындағы рөлі кез келген астан, тойдан, басқа да шаралардан жоғары. Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген қарасөзінде Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибағи», «хұзағи» деп аталған заманына дейін апарып, «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деп жазады. Ақын Наурыз тойын дінге жалғастырмай, көктем мерекесі екенін ашық айта келе, «Ұлыстың ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, Құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын былай деп ескертеді:

Жаз жіберіп жан берген
қара жерге,
Рақметіне Алланың
көңіл сенер,
Мал семірер, ақ пен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп
көтерілер.

Қазір біраз жұрт Наурыз мейрамы басталғалы бері «Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «Бұл өзі бізге парсыдан, шығыстан келген мейрам екен ғой» дейді. Шын мәнінде солай ма? Біздің ойымызша XVIII ғ. басында қазақтар жоңғардан шегініп, ата-жұртын тастап, Бұхара, Самарқан, Жиделібайсынға барып, ел-жұрт азат болған соң ата қонысына қайта оралғанда «Наурыз» сөзін ала келген. Бұған дейін қазақ халқы бұл мейрамды «Ұлыс», «Ұлыстың ұлы күні» деп, соңынан «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» деп айтатын болған. Шәкәрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз – парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, тәшкендік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күннің аты – Ұлыс». Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген. Жыл басының Ұлыс екенінің тағы бір дәлелі мынау: Ұлыс күні қазан толса ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар».

Наурыз – қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі екеніне Алаш арыстары да қалам тербеген.

Байтұрсынұлы Ахмет: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді».

Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз.

Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы... Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыз (марттың) ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды».

Наурыз ұлан-байтақ қазақ жерінің ауа райына байланысты әртүрлі кезеңде атап өтілген.

Киіз үйдің есігінен күн түссе мұны «үт» деген. Бұл ақпанның 19-ы мен наурыздың 20-сы аралығында болады. Осыған байланысты Сыр қазақтарында «Үйге үт кірді, егіншінің көкейіне құт кірді» деген мәтел бар. Оңтүстік өңірде «Жыл басы жылқышы торғайдың ұшып келуімен» орайластыра мерекеленеді. Батыс Қазақстанда 14-15-ші наурызда «көрісу» дәстүрі бар, бұл күн: олар туған-туыс, дос-жаранға қонаққа барып, әртүрлі тарту жасайды. Батыс қазақтарының наурыздың 14-де көрісу салтын жасап, мейрамды қарсы алуы, Омар Хайям заманында парсы патшаларының жаңа жылды 14-інен бастап қарсы алу, яғни ескі күнтізбеден қалған жоражосынды көрсетеді. Себебі, Каспийдің о жақ, бұ жағындағы ирантұран халықтарының діни пәлсапалық, саяси экономикалық байланысы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан үрдіс. Ал Орталық Қазақстан тұрғындары жаңа жылды Үркердің аспанның батыс бөлігіндегі жас Аймен тоғысуына қарап, кешірек қарсы алады.

Екі батыр соғысты,
Үркер мен Айдай тоғысты, –

дейді халық ауыз әдебиетінде, себебі Сәуір (Үркер) жұлдызы Наурыз айына дәл келеді. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мәтел көктемгі күн мен түн теңелген тұстағы, Айдың жаңа орағының алдындағы Сәуір (Өгіз) жұлдызының тоғысына байланысты айтылған. Бірақ қазақ Сәуір мен Ай тоғысты демейді, Ай мен Үркер тоғысты дейді. Бұл кезеңде Үркердің көкжиектен көрінбеу себебі – Күн жолы наурыз айында дәл соның үстінен өтеді. Қазақстанның кейбір жерлерінде ғана, мәселен, Орталық өңірлерде осы кезде Үркердің қос жұлдызы, бұқаның мүйізі секілді, батқан күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Аспан көгіндегі дәл осы көрініс Қазақстан жартастарына шимайлаған петроглифтерден – мүйізімен Күн көтеріп тұрған алып Көк өгіздердің суреттерінен көруге болады. Біздіңше, бұл сахна арқылы ежелгі түркілер аспан белдеуіндегі Күннің жолы мен Жерге келген Жаңа жылдың символын бейнелеген.

Наурызда өгізді құрбандыққа шалу олардың қадым замандардан келе жатқан астрономиялық түсініктерімен байланысты, ал жас балалардың маңдайына қанмен дөңгелек салу дәстүрі – Күнді құрметтеуден туған көне ырым (культ).

Ертедегі Шығыс астрономдары мен жұлдызнамашылары Наурыздың аптаның қай күні кіретіне қарай, бүкіл жылдың сипаттамасын берген. Қожа Әли Термизидің (859-932) «Наурызнамасында» Наурыз сәрсенбі күні кірсе өте қиын жыл (қымбатшылық, опат, ашаршылық, т.б.) сонымен қатар жұма, сенбі күндері кірген жылдар жақсы болмайтынын көрсетеді, ол аптаның басқа күндері жақсылық жылдары деп есептелінеді. 80-нен аса тарих, пәлсафа, дін, діни наным-сенімдер туралы жазған шығыс ғұламасының бұл еңбегі Наурыз тарихын зерттеушілерге таптырмайтын жәдігер [8].

Наурызды мейрамдаудың дәстүрлі белгілерімен (көрісу, көже, ұйқыашар, самалық айту, дір еткізер, селт еткізер, т.б.) қатар әр аймақта өзіндік сахналық рәсімдер өткізілген. Мысалы: Шыңжаң қазақтарында он екі бала әр жылдың атына бөлініп: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз болып бетперде жасап, жылан болып ысқырып, ит болып ұлып, сиырша мөңіреп, қойша маңырап, жылқыша кісінеп, әр жыл бір-бірімен айтысқан (жалпы қазақта: ата-тек айтыс, тау айтыс, өзен айтыс, жыл айтыс, т.б. айтыс түрлері болған – А.Т.).

Сиыр жылы мен Жылқы жылының айтысы:

Емшегім – сүт, терім – бұйым,
денем – ет,
Сен Жылқы, мен тұрғанда
адамға шет.
Әрбір үйдің әрдайым
мен қасында,
Сен бір безбе, кісендеулі
қашанда, –

дегенде, жылқы бүркеншігіне жасырынған бала:

Жау келгенде жұртта қалдың
сен сасып,
Жақсы болсаң кетер едің
бел асып.
Қымыз барда сүт қазаққа
тамақ па!
Сенің құның татымайды
жармаққа, –

деп кісінеген болады. Тегінде осы жыл айтысының әр жылға арнап ақындар мәтінін жазып, оқу-ағарту саласына таратса, Наурыздың мазмұны байи түсер еді. Халқымызда дастарқан батасы, мал батасы, жан батасы, жорық батасы, аң батасы секілді Наурыздың өз батасы бар. Әр үйде көже жасалып, ел аттылы-жаяу, ілгеріндікейінді, мәз-мейрам болып үйлерге кіріп, көп көжеге бата қылады.

«Жаз періште» – «Әз» кепті,
Әзден үркіп қар кетті.
Ақ қар, көк мұз жұтатқан
Наурыз келіп, жаз кірді.
«Жаз періште» – «Әз» кірді,
Күнеске тосып арқасын
Жан біткенге наз кірді, –

деп басталады, одан әрі елді-жерді пәле-жаладан, апаттан қорғап, аяғында тілектер айтылады:

Көже істеген келіндер,
Көпке жаққан елшіл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол,
Кірсе байқар көзді бол,
Ағайынға тұрар сөзді бол!
Қыстан қысыраладық,
Жаздағыдай жадырамадық...
Өткен күн өзімен кетіп,
Келген күн жарылқасын!
Күнікей – наурыз жарылқасын!
Аллауәкбар![1].

Қазақта сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні – Наурызды «Ұзын сары» деп те атайды. Мұндайда Наурыз келгенде – «Ұзын сары келді» дейді.

Қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазан – сонау скиф – сақ, ұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі», ұрыптық тамақ пісіретін ыдыс. Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі тайқазан – көшпенділердегі береке мен бірліктің символы. Сондай-ақ көне ертегілерімізде алтын қазан іздеу салты кездеседі:

Сөз тыңда, құлақ салып,
балам, маған,
Астында дарияның
алтын қазан.
Әкелсең сол қазанды
ерлік қылып,
Беремін Күнсұлуды
қосып саған.
(«Құламерген»).

Ертеректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің 7 түрлі дәм қосып пісіріп әкелген көжелерін құятын, сонда 30-50 тамақ қоспасынан жасалған «наурыз көже» немесе «көп көже» болып шығады. Бұл аспаздық жұмыстың бәрін елге қадірлі, ауылға белгілі әйел – бәйбіше басқарады. Қазанды иесіне қайтарғанда әбден жуып, түбіне міндетті түрде піскен тамақ (бауырсақ, тоқаш, ет) салып, құлағына ақтық байлап қайтарады, өйтпесе «қазан өкпелейді», «қазан шамданады» деп ырым қылады. Қазақ арасында екі адам ренжіскенде «өкпесі қазандай», «өкпесі қара қазандай» деп айтылатын сөз тіркестері осыдан шыққан. «Қара қазан, сары баланың қамы үшін», «Қара қазан сары бала, жылап жатыр көп бала» дегеніміз, халық, бұқара халық дегеннің баламасы. Атадан мирас болып келе жатқан қазаннан айырылу – құт – береке байлықтан айырылу, оны біреу тартып алса, масқарашылық саналатын. Абылай хан 1780 ж. шамасында Ботаханды тірідей жерге көміп өлтіргенде, Олжабай бастаған батырлар ханның ауылына ат ойнатып, ата-бабасынан келе жатқан қазанын алып кетеді.

Түрік армиясының янычарлары сұлтанға қарсы болғанда асханадағы үлкен қазанды төңкеріп тастайтын, қазақта да бір адам екінші адамға ашуланғанда «қазаныңды төңкеріп кетейін» деп ғайбат айтады. Қазан да шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, қазан толы, тоқ болса, ел де мықты.

Наурыз күнінің бір ерекшелігі – «көрісу».

– Амансыз ба?

Ұлыс оң болсын,

Қайда барса жол болсын!

– Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

– Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге кірсін! – деп құшақтасып көріседі.

Бозбалалар мен қыздар да Ұлыстың ұлы күні емін-еркін бас қосып, ауылды, елді той-думанға бөлегенін мына өлең жолдарынан көреміз:

Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына
тоймағаным.
Көмілсем де кетер ме
көкейімнен,
Қалқаммен Ұлыс күні
ойнағаным.

Ауыл қыздары өздері жақсы көрген жігіттерге арнап, соғымның қалған етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын тамақ дайындайды.

Осы арада бір айта кететін жайт, наурыздың қазақ халқының тамақтану мәдениетіне тікелей қатынасы бар. Наурызда соғымның қалған-құтқаны көжемен, сыбағамен бітеді, халық жаппай «қызылдан – аққа», яғни сүтті тағамдарға (айран, қымыз, құрт, ірімшік, т.б.) көшеді. Жаздың шіліңгір ыстығында қойдан – бағлан, байлар жылқыдан – тай, кедейлер ешкіден – лақ жеген, бұл төлдердің еті қара күзге, күздік сойғанға дейін адам ағзасына жеңіл болған, мұны маусымдық тамақтану жүйесі, яғни маусымдық диета деуге болады.

Жігіттер мен бозбалалар қыздарға арнап «селт еткізер», «дір еткізер» деген сыйлықтарын ұсынады. Бұл сыйлыққа айна, тарақ, иісмай, күміс жүзік жатады. Айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік мен сұлулықтың, иісмай – бүршігін жаңа жарған жауқазынның, күміс жүзік – тазалықтың белгісі. Наурызда ойналатын ойындардың бірі – «Қалтырауық қамыр кемпір». Қыс қамырдан иленген кемпір түрінде бейнеленіп, ол қалтырап құлап бара жатқан қысты меңзейді.

Халықтың мифологиялық түсінігінде 21 наурыз түні даланы, үй-үйді Қызыр аралайды, сондықтан «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр үй іші, қора-қопсысы, ауласы және киген киімі мен ішкен тамағы таза адамдарға қонады. Сол себепті ауыл-үй түгел Наурыздың алдында кір-қоңдарын жуып, таза киімдерін киіп, үй ішін, қора-қопсысын тазалайды. Қызыр бас бармағы былқылдап тұратын, ақ сақалды қария екен, амандасқанда бармағынан білуге болады деп жатады.

Қызыр ата табиғатты аралап жүріп, назары жерге түссе, қыстың тоң-мұзын ерітіп жібереді, ал тасқа түссе тас та балқиды екен. Самарқанның көк тасы еріген күн Наурыздың басталуы екен. Наурызды қарсы алудың бірінші нышаны – үлкендердің балаларға сұрау салуы:

Самалық, самалық,
Көк құс көзін аштың ба?
Аяғын жерге бастың ба?
Самалық, самалық,
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық,
Қап тауының көк құсы
Жүгірдіме, көрдің бе?

Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша, Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. Егер кімде-кім Ұлыс күнінің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыз құты дариды деген дәстүрлі ұғымға сай, Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «құт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ бүркіп тарасады.

Жаңа жылдың бірінші күнінде күннің қалай атқаны, оның түр-түсі есепшілердің үнемі назарында болады. Жұлдызшылардың тәжірибесіне сүйенсек, күн бұл таңда төрт түрлі болып атуы мүмкін екен:

1) Күн егер жанған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса, ол жылы өлім-жетім, өрт көп болады, соғыс, қантөгістер де болуы мүмкін;

2) Егер күн түсі сары қызыл тартып, ыстық леп бірден бетке ұрып, шақырайып шықса, ол жылы құрғақшылық болады. Таулы аймақтарда жиі-жиі тасқын болып, шалғынды далада жиі-жиі өрт шығады;

3) Күннің түсі күңгірт тартып, қораланып, солғын көрінсе, ол жылы жауын-шашын ерекше көп болады;

4) Күн сәулесі жан-жаққа шашырап, шапағын төге рауандап атса, ол жылы жанға жайлы молшылық болады [11].

Наурыз күні таңертең ертемен ерлер қолдарына күрек, кетпен, ал қыз-келіншектер құрт, ірімшік, сүт, піскен ет алып далаға шығады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер айнала төңіректегі бастаулардың көзін ашса, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессең, он тал ек!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды Күн – ана!» деп иіліп сәлем береді, «Кеудесі түкті Жер – ана, құт дарыт, жарылқа!» деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.



Ақ түйенің қарны жарылған бұл күні халық ішіндегі жас ерекшелігіне қарай қалыптасқан дәстүрлі ілтипат, ізеттер біршама жұмсарады. Тіптен, келіні қайын атасымен, күйеу баласы қайын енесімен әзілдесуіне болады. Наурыз күні бұндай іс көзге сөлекет көрінбейді. «Ұлыс күні қариялармен көріссем, батасын алсам, болашақ ұрпағыма олардың күш-қуаты дариды» деген сенім бойынша, бұл күні жас келіндер көп жасаған, балалы-шағалы, шежіре қарттармен көбірек көрісуге тырысады.

Жаңа жыл Наурызды мерекелеумен қатар, төрт түлік мал өсірген халқымыз, әсіресе қолы жеткендер, ата-бабаларына, аруақтарға міндетті түрде еркек мал сойып құдайы тамақ берген. Мысалы, Шақшақ Жәнібек кенже қызын бір досының баласына берген. Жәнібек өлгенде сол қызы келіп, әкесін жоқтаған мына өкпе-назынан осыны көруге болады:

Айналайын әке-кем!
Неге бердің кедейге?
Қанша ақылды десең де,
Кедейді кедей демей ме?
Байға берсең әке-кем,
Қазысы қарыс айғырды,
Сүбесі сүйем қошқарды,
Ұлыс күні соймас па ем?
Тамам сорлы тоймас па еді?
Ұлыс сайын басына
Жұп шырақ қоймас па ем...

Қызыр түні Жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде «Жалғыз шала сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылады.

Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар, ер адамдар қос қолдасып төс соғыстырады, әйелдер болса құшақтасады, ерлер мен әйелдер кездессе құшақ айқастырады. Қос қолдап амандасып, төс соғыстыру өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын дегенді білдіреді.

Наурызда әр үйдің есігі ашық, дастарханы жаюлы тұрады. Дәстүр бойынша әр адам міндетті түрде қырық үйге кіріп дәм татқаны дұрыс деген тәмсіл бар.

Ұлыс күні кәр – жас
Құшақтасып көріскен,
Жаңа ағытқан қозыдай
Жамырасып өрістен.
Шалдар бата беріскен:
Сақтай көр деп терістен,
Кел, таза Бақ кел десіп,
Ием, тілек бер десіп,
Көш, Қайрақан көш десіп,
Көз көрмеске өш десіп...

Қайрақан – қазақтың исламға дейінгі пантеонында жаманшылық иесі. Бұл туралы М.Әуезов былай дейді: «... Мұнда баяғы заманда, Ұлыстың ұлы күні қалың елдің жаңа тілек тілейтіні көрінеді. Жұп шырақ жағу, кетік аяқ, кетік шөміш сындыру, көріскенде «Таза бақ кел» деп, «Көш, Қайрақан көш» аластау – барлығы да сол заманның тілегі» [2, 39 – 40 б].

Ежелгі түркілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша да жақсылық жаршысы – аспан шамшырағы, Күн бейнелі Ұмай ана. Сондықтан да қазақ елі жаңа түскен келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала, «От – ана! Май – ана! Жарылқа! Жарылқа!» деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі «От – ана» – қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те, ал «Май – анамыз» – Ұмай ана.

Ата-бабаларымыздың ұғымынша, «Күн», «Ана», «Құт-береке», «Молшылық», «Мейірім» – барлығы да бір ұғымға саятындықтан, қыз бен жігіт тартысында Жаңа жылдың, қасиетті Күннің құрметіне қыз баланың жеңгенін мақұл көрген.

Қазақтардың Жаңа жылда алғаш шапақ атқан күнді қарсы алып, оған иіліп сәлем етуі немесе қымызмұрындық тойында алғашқы қымызды Күнге иіліп, тәжім етіп ішуі секілді көне дәстүрлері олардың ежелден-ақ Күнге табынған сақ жұртының жұрағаты екенін дәлелдей түседі.

Аузы дуалы қариялар мен ел басқарған көсемдер Наурыз мейрамы үстінде ұрпақтары ұмытпай айта жүретін аталы, ұлағатты бір сөз артына қалдыратын дәстүр болған екен. Бір күн ойланып, ойлы сөз таппаған адамды көп алдында айыптап, тіптен ағынды өзенге лақтыратын да болған. Осындай сынға ұшырап, қанша ойланса да жүйелі сөз айта алмаған бір батыр суға лақтырылар тұста аузынан «Көп қорқытады, терең батырады» деген сөз шығып, жазадан аман қалыпты-мыс деген ел аузында әңгіме бар.

Наурыздың бір мәні – теңдік күні ұлылық пен кішілік жасалатын, бай мен жарлы жарасатұғын күн. Хан қарашаның халін ұғып, қараша ханның төріне шығатын күн. Тіпті шығыс елдерінде патша наурыз күні тағынан түсіп, құлды таққа отырғызған уақығалар болған.

Наурыз мейрамы келерде «Самарқанның көк тасы ериді» деген тәмсіл бар. Бұл қыс бойы қатып жатқан табиғаттың көктем келгенде еріп, жаңа түрге енуі сияқты адамдардың да мінезі мен пейілі кеңіп, мейірімі оянып, кек сақтамай, табиғаттай болып, жайнап жасарып, рухани жаңаруы дегенді білдіреді.

Наурыз күні адамдар бақай есеп, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ұжданы алдында арылуы керек. «Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық – жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер жігіттің ісі», «Тас атқанға – ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген билер, ақсақалдар ат құйрығын кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм татырып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен.

Отбасын тентіретіп жібергендерді қайта қосып, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау қылған. «Сүйекке дақ, етке таңба болмасын» деп кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Ауылда, елде отырып қалған қыз, үйленбей жүрген жігіт болса елбасылары ақсақалдар кеңесіп, басқа ауылда сондай адамдар болса қосып, жанұя қылатын. Әсіресе отырып қалған қыздың кесірі тиеді деп теңін тауып береді.

XX ғасырдың басында қазақ ағартушы – ойшылдары жаңа ғасырдан жаңа үміт күтіп, отарлық езгіден, көшпенділік тұрмыстан қалжыраған халқының ұлыстың ұлы күніне балаша қуанып, өздерінің жүрек жарды өлеңдерін арнаған.

Ұлыстың ұлы күнінде
Бай шығады балбырап,
Қасында жас жеткіншек
Тұлымшағы салбырап.
Бәйбіше шығар балпиып,
Күндіктері қайқиып.
Келіншек шығар керіліп...

Немесе:

Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылтиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
(Шәкәрім)[13].

Немесе:

Аспанда күннің нұры,
Мақпалдай жердің түрі.
Қуаныш – мал мен жанда,
Қыс шыққан өлмей тірі.
(М. Дулатов)[7].

Мейрамдар – ұлттық сананың бір көрінісі, керек десеңіз ұлттық идеямен сарындас, сол себепті де Алаш арыстарының Наурызды барынша насихаттап, елін езгіден алып шығып, ұлтының рухын көтермекші болады.

Енді егеменді ел болғанда, Ұлыстың ұлы күнінің халық жадынан ұмтылған сырлары мен қырларын қайта жаңғырту бүгінгі күннің талабы.

Қазақстанда Ұлыс күнін тойлау асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылдан кейін тоқтап қалды. Одан кейінгі жылдарда Наурыз мерекесінің бағы ашылды деп айта қою қиын. Ол бірде «діни мейрам», бірде «ескіліктің сарқыншағы» деген жалған жала мен қуғынға ұшырады. Халық жадында еміс-еміс, үзік-үзік болып сақталған Наурыз Қазақстанның кейбір өңірлерінде жасырын тойланып келсе, кейбір аймақтарында ұмытыла бастады. Бір халыққа тиесілі ұлттық мереке ғана емес, жалпы халықтың интернационалдық мейрамы – Наурыздың қайта тіріліп, жаңғырып, халқымен қауышуына бүгінгі тәуелсіздік салтанаты ғана мүмкіндік алып берді. Қоғамдық пікірге көңіл қойған үкімет орындарының тікелей басшылығымен 1988 жылғы көктемде Алматы қаласы мен астаналық облыстың кейбір аудандарында 62 жылдан соң өз мәнінде Наурыз тойы тойланды. Осыдан бастап ежелгі Күн мейрамы – Жыл басы тойын жалпы халық болып қарсы ала бастады.

Қорыта айтқанда Наурыз мейрамы төрт кезеңнен тұрады:

1. Тазалану – алдымен адамдардың рухани тазалануы, жаман ойдан, уайым – қайғыдан, кек сақтаудан, араздық, қызғаныш, көре алмаушылық, пендешілдік, сараңдық т.с.с арылу, татуласу; үй-іші, қора-қопсыны, арық-атызды, тоғандарды, көшелерді тазалау;

2. Құттықтау, бата алу, бата беру – яғни адамдар таза киімдерін киіп, бір-бірімен көріседі, жақсы тілек айтысады;

3. Мерекелік ас-тағам: наурыздамаға арнап мал сою, наурыз көжеден дәм тату;

4. Мейрамдау – адамдардың көшеге, алаңдарға шығуы, концерттік бағдарламалар, ұлттық ойындардың көрсетілуі т.с.с.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмадиев Ж. Наурыздың өз батасы бар // Қазақ әдебиеті. 1996. №12
2. Әуезов М. Сыршылдық салт өлеңдер // Әуезов М. Шығармалар жинағы. Алматы, 1978. 16 – том.
3. Байтанаев Б.А., Диваев А.А. – очерк жизни и деятельности. Шымкент – Алматы, 2004.
4. Байтұрсынұлы А. Наурыз // Қош келдің Наурыз! Алматы, 1993.
5. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы. М., 1960.
6. Бойс М. Зороастрийцы. Верование и обычаи. СПб., 1994.
7. Дулатов М. Кош келдің, Наурыз! // Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991.
8. Қожа Әли Термизи. Наурызнама // Қазақ әдебиеті. 1996. № 12
9. Мүрсәлім Б. Наурыз // Парасат. 2002. №3.
10. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер/ Құраст. М.Қазыбеков. Алматы, 1991.
11. Өмірзақов Т.М., Ислямов О.Е. Наурыз // қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. Алматы, 2001.
12. «Таң» (журнал). 1925. № 4.
13. Шәкәрім. Наурыз// Қош келдің, Наурыз Алматы, 1993.
14. Шежіре / Орталық ғылыми кітапхана қоры (ОҒҚ). 1936 – папка.
15. Шежіре / Орталық ғылыми кітапхана қоры (ОҒҚ). 1172 – папка



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ШЫНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫ ШЫРҒАЛАҢ



Бала кезімнен кітапты көп оқығандықтан болу керек, жазуға икемді болып өстім. «Мазмұндама, шығарма жазсаңдар, Дәркеш сияқты жазыңдар» деп әдебиеттен сабақ беретін Шилібай мұғалім мақтағанда, төбем аспанға бір елі жетпей, мәз болып қалушы едім. Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде, мектептің қабырға газетіне редактор болғанымда, бойы тапал, мұрнының үстінде сепкілі бар деп мені онша менсіне бермейтін жоғарғы сыныпта оқитын сұлу қыздар назар аудара бастады. Андасанда аудандық «Жаңа өмір», Алматыда шыға-тын «Қазақстан пионері» газеттеріне мақалам, хабар-ошарларым шығып, та-сым кәдімгідей өрге өрлеп тұрды. Мені-мен бірге оқитын Айжан да кітапқа, әде-биетке өте әуес қыз. Қабырға газетінің тұрақты авторы, сабақты нашар оқитын, тәртібі дұрыс емес оқушыларды әжуалап мақала жазғанды қатырады. Екеуміз кәдімгідей доспыз, біріміз – бала, екінші-міз қыз болсақ та, бір-бірімізден сыр жасырмаймыз. Көрші класта оқитын сүйкімді сары қыз маған ылғи: «Дәркеш, сенімен дос болғым келеді. Сен бұған қалай қарайсың?» деп хат жазады. Мен: «Болсақ, болайық. Мен оған қарсы емеспін» деп жауап қайтарамын. Екі жаққа да хат таситын «почталенымыз» – Айжан.

Бір күні әлгі сары қыздан тағы хат келді. «Қабырға газетінің редакторымен дос болу – мен үшін үлкен бақыт. Дәркеш, менің Санат деген інім бар. Өзі бесінші сыныпта оқиды. Сол інімнің сабақ үстінде нан жеп отырғанын сенің «арнаулы тілшің» Айжан фотосуретке түсіріп алыпты, қомағай інімді «Сабақ оқи ма, нан жей ме?» деп сын мақала дайындап жатыр деп естідім. Масқара болып, сүйегімізге дақ түсейін деп тұр. Бәрі сенің қолыңда емес пе, әлгі мақаланы шығарта көрме, екеуміз доспыз ғой. Қарсы болмасаң, сені жексенбі күні сағат үште болатын киноға шақырайын. Сондай-ақ екеуміз балмұздақ жейміз, бұған қалай қарайсың? Хабарыңды асыға күтемін» деген хат алдым.

Айжанның сабақ үстінде нан соғып отырған бала туралы сын мақала дайындап жатқанын білемін. Әдемі сары қызбен дос болғанға, киноға барғанға, балмұздақ жегенге не жетсін! Бірақ, білдей қабырға газетінің редакторына бұл, әрине, жараспайды. Оның үстіне Айжанның мінезі шатақ. Шу шығарып, бұдан былай ештеңе жазбай қояды. Бір күн ойланып: «Сәуле, хатыңды алдым, әрине, біз доспыз. Бірақ, айтқаныңды орындай алмаймын. Шындықты жасырсам, несіне мектептің қабырға газетінің редакторымын. Ренжіме, ақиқат бәрінен де қымбат!» деп жауап жаздым.

Ертесіне сабақ үстінде нан жеп отырған Самат туралы әжуа мақала қабырға газетіне шығып, Сәуле маған бұдан былай хат жазуын доғарып, маған қарамайтын болды.

Соңғы қоңырау соғылып, он жыл білім алған мектебімізбен қоштасатын уақыт та келді. Қоштасу кешінен соң, дәстүр бойынша бүкіл сыныптастар болып, ауылдың шетіндегі көлде арайлы таңды қарсы алдық.

– Дәркеш, сен қандай бақытты едің, Алматыға барып, өзің армандаған оқуға түсуге талпыныс жасап жатырсың. Есіңде ме, екеуміз Алматыға бірге барамыз, КазГу-ге бірге түсеміз, болашақта журналист боламыз деп армандаушы едік қой. Өзің де жақсы білесің, менің әкем бала кезімде қайтыс болған, анам болса, бір күн ауру, бір күн сау. Арқа сүйейтін не ағам, не әпкем жоқ, жалғызбын. Анашымның көзін жәутеңдетіп қайда барамын, мен ешқайда бармайтын болдым. Сен Алматыға барып, мені ұмытып кетпе, – деді Айжан мұңайып.

– Әрине, екеуміздің бірге барғанымыз дұрыс болар еді, апаңды ойлап қиналып жүрсің, – дедім екі көзі боталап, жылап жіберуге шақ отырған сыныптасымды жұбатуға барымды салып. – Сенің ауылдық кітапханаға кітапханашы болып орналасатыныңды естідім. Айжан, мұңайма, армандаған оқуға сырттай да түсуге болады. Сенің талабың зор, көздеген мақсатыңа жетесің. Сендей әдемі қызды қалай ұмытамын, хат жазамын, мейрам сайын ауылға келіп тұрамын, – деп ебедейсіз құшақтап, бетінен сүйдім.

– Ойбай, Дәркеш, не істедің? – деп Айжан шошып кетті. – Менің бетімнен сүюге болмайды. Бала көтеріп қалсам қайтесің?

– Оны саған кім айтып жүр? – дедім күлкім келіп.

– Апам айтқан, үйленбей жатып еркектің қолын да ұстауға болмайды, – деп кластасым орнынан тұра берді.

– Әй, армандастар, екеуіңнің әңгімелерің бітпейді екен, тұрыңдар! – деді сыныптасым Нұржан айқайлап. – Күн шығып келе жатыр, қарсы алайық!

– Алақай! Алақай! Таң атып, күн шығып келе жатыр! Бәріміз іштей тілек тілейік, арманымыз орындалсын, бір-бірімізді ұмытпайық, достар! – деп бәріміз жан-жақтан шуылдап, мәз болдық.

Бұл 1966 жылдың мамыр айының соңы еді. Ол кезде бәріміз аңғалмыз, жанымыз жаңа жауған қардай кіршіксіз. Үлкендердің айтқанына Құдайдай сенеміз. Үстіндегі мектеп формасы мен шашындағы қос бантигі жарасқан Айжанды үйіне шығарып салдым. Қоштасарда бетінен тағы да сүйгім келді, жүрегім дүрсілдеп тұрды. Бірақ, біртүрлі қорықтым, класстас қыздың көл жағасында айтқан сөзі есіме түсті. Сол бір қимастық сәтті қазір есіме алсам, іштей ыржиып күлемін. Әй, балалық-ай, аңғалдық-ай!

КазГУ-дің журналистика факультетіне түсем деп екі-үш жылдан бері өзімше дайындалып жүргенмін. Алматыға жол жүруге екі-үш күн қалғанда, апам аяқ асты айнып қалды.

– Балам, – деді апам. – «Мен ұрлыққа шыққанда ай жарық болды» демекші, биыл бүкіл Қазақстан бойынша 10-шы және 11-ші кластар мектепті қатар бітіріп жатыр. Яғни, бұл оқуға түсем дейтін талапкерлердің саны екі есеге артады дейді білетіндер.

Кеше аудан орталығына барғанда, Алматыдағы доғдырларды оқытатын немере інім Алмасты жолықтырып қалдым. Үйге қонақ болып кет деп шақырып едім, өте асығыс екен. Сенің жағдайыңды айттым. Аттестаты дұрыс па? – деп сұрады.

– Ол жағынан балам ұялмайды, кілең төрт пен беске бітірді, – дедім мақтанып. Сонан соң сенің жорналистің оқуына бармақшы болып жүргеніңді айттым.

– Әпке, Дәркештің талабы дұрыс. Ондай оқу тек Каз-ГУ-де ғана бар. Конкурс өте жоғары, бір орынға 20-30 бала таласады. Оқуы жақсы екен, бізге келсін, дәрігер – жақсы мамандық. Оның үстіне сонда жүрген соң, бас-көз боламын, – деді Алмас жөнін айтып. – Қазір ойлап отырсам, немере інімнің айтқаны құлаққа кіретін сөз.

– Апа, менен қайбір оңған дәрігер шығады. Укол салғаннан қорқамын, бармаймын онда, – деп азарда-безер болдым.

– Мұныңды қой, балам, – деді анам зекіп тастап. – Доғдыр десе ат-тоныңды ала қашқаныңды қашан қоясың? Сені де, мені де аман алып қалған дәрігер емес пе? Сол оқуға барасың! Бармасаң, сені ешқайда жібермеймін, әкең құсап колхоз-дың қойын бағасың.

Анашымның айтқан сөзінің жаны бар. Сонау алыстап кеткен 1949 жылдың ақпанында, әкеммен бірге қой бағып жүрген анамның толғағы ұстап, қатты қиналыпты. Қолдан келер дәрмен жоқ, әкем қатты сасқалақтап, есі шығып кетеді. Осындай қиын сәттерде бір Алланың бар екенін мойындауға тура келеді. Елдімекендерге радио хабарларын тарататын бағаналарды орнатып жүрген екі-үш орыс ағайын адасып, айдаладағы қойшының жұпыны келген үйінен шығады. Иман жүзді кісілер болса керек, түтеп тұрған боранға қарамастан, астарындағы үлкен машинамен аудан орталығындағы перзентханаға жеткізіпті.

– Адам баласын Құдай жаратқанын ұмытуға болмайды. Ойбай, орыс жаман, өзбек жаман деу – ағаттық. Әр халықтың жақсысы да, жаманы да болады, көпке топырақ шашуға жарамас. Құдайдың өзі жар болсын, әлгі мейірімді орыстар келе қалмағанда, екеуміздің аман қаларымыз бір жаратқан Иемізге аян болар еді. Естүсімді білмей жатқан маған шұғыл ота жасап, екеумізді аман алып қалған дәрігер де орыс болатын. Екеуміз ауруханада 40 күн жаттық. Бірінші Құдайдың, екінші әлгі орыс ағайындардың арқасында екеуміз тірі жүрміз, балам. Жақсылықты ешқашан да ұмытпау керек, қолымнан келсе іштей дұға жасап, солардың амандығын тілеп отырамын, – деп бұл әңгімесін айтудан жалықпай ағынан жарылып отыратын.

Әкем сөзге жоқ, біртоға адам.

– Шырағым, анаңның айтқаны дұрыс, үлкеннің сөзін тыңдасаң жаман болмайсың, – деп әдеттегідей сөзін қысқа қайырды.

Үш күннен соң, әкем үлкен бір қойды сойып, үйітіп жатты. Кешке аудан орталығындағы теміржол бекетінен апам екеуміз Алматы қайдасың деп тартып кеттік.

Мектепті жақсы оқығандықтан болар, барлық емтихандарды жақсы тапсырдым. Ең соңғы, шешуші емтихан – химия пәні болатын. Ішім сезіп отыр, онша дұрыс жауап бере алмадым. Дәл осы кезде Алмас көкем мұғалімдердің жанына жайғасып жатты.

– Жақсы, жақсы, – деді емтихан қабылдап отырған жас жігіт. – Келесі сұраққа көше ғой.

Судың формуласы екен, мүдірмей айтып шықтым.

– Мына баланың басқа пәндерден алған бағасы жоғары, 4 деген баға қояйық, – деді жанындағы егде мұғаліммен кеңесіп.

– Мен де солай ойлап отырмын, – деді профессор басын изеп.

Өткен емтихандардан жоғары баға алдым, оның үстіне алыс ауылдарда тұратын талапкерлерге жасалатын жеңілдік бар болып шықты. Соңғы емтиханға Алмас көкемнің үлкен ықпалы болғандығын бала болсам да іштей сезіп отырмын. «Жүгірген жетпейді, бұйырған кетпейді» деген осы. Алматы медициналық университетінің студенті болып шыға келдім. Келесі күні жоғарғы оқу орнына соққанымда, құжаттарын қайта алып жатып, жылап тұрған қызды көрдім.

– Қайтсін, байғұс, биыл бесінші рет келіп, оқуға түсе алмай, ауылына қайтып бара жатыр, – деді бір жас мұғалім жанашырлық білдіріп.

Екінші курсқа дейін жап-жақсы оқып, куратор мұғалім айтпақшы, соңғы кезде бұзыла бастадым. Мен білім алатын жоғарғы оқу орны мен КазГУ-дің арасы таяқ тастам жер. Не сиқыры бар екенін білмеймін, бір белгісіз күш мені өзіне тартады да тұрады. Сегізінші класта оқып жүргенімде жас тілшілердің республикалық слетіне қатысқаным бар. Сол жолы Шымкентте Кәкіммен танысып, екі күн бірге жүрдік, кейін де хат жазысып, жағдайымызды білісіп тұрдық. Көрші жоғары оқу орнына бір барғанымда Кәкімді кездейсоқ кездестіріп қалдым.

– Дәркеш, аман-есенсің бе? – деді ол қуанып. – Соңғы кезде арамызда байланыс болмай, сені кеше ғана ойлап едім. Өткен жылы КазГУ-ге келемін деп едің, бірақ қанша іздесем де сені таба алмадым.

– Аманмын, өзің қалайсың? Журналистика факультетіне студент болғаныңды танитын бір бала айтты. Құтты болсын, қуаныштымын! – деп қолын алдым.

– Бізге келмегеніңе қарағанда басқа жоғарғы оқу орнына барған сияқтысың – деді менімен қатарласа беріп.

– Дәл таптың, – дедім өзімді-өзім зорлап, ыржиып күлген болып. – Алматы медицина университетінде екінші курста оқып жатырмын.

– Қызықтың көкесі сенде екен ғой, Дәркеш, – деді ол таңқалып. – Ойбай-ау, доғдырдың оқуына қалай тап болып жүрсің? Түсінсем бұйырмасын. Түу, күн ысып кетті, анау қара ағаштың түбіндегі орындыққа отырып жөндеп сөйлесейік.

Мән-жайға толық қанық болған Кәкім: «Е, жағдай солай де», – деді. – Апам ылғи «Адамның айтқаны емес, Құдайдың айтқаны болады» деп отырушы еді. Неге екенін білмеймін, қанша тырыссам да, сені көз алдыма дәрігер ретінде елестете алмай тұрмын, адасып жүрген сияқтысың.

– Дұрыс айтып тұрсың, Кәкім. – Шынымды айтсам, бұл оқуға көңілім толып жүрген жоқ, нағыз дәрігер болатын біреудің орнын алып, босқа жүрген сияқтымын. Өзің де білесің, менің әлемім басқа, амалдың жоқтығынан әрең жүрмін, – дедім көптен бері мазалап жүрген ойымды айтып. – Кейде бәрін тастап, басым ауған жаққа кетіп қалғым келеді. Бірақ, дос бар, дұшпан бар, оларға күлкі болғым келмейді. Менен үлкен үміт күтіп отырған ата-анама не бетіммен барамын.

– Мұңайма, достым! – деді Кәкім маған жаны ашып. – Кез келген қиындықтан құтылудың жолы бар. Тек еңсеңді түсірме, саған бір ұсыныс айтайын. Бір жарым айдан соң, жоғарғы оқу орындары құжат қабылдай бастайды. Талапкер ретінде бағыңды неге сынап көрмейсің?

– Орта мектепті бітіргенім туралы аттестатым медицина университетінде, оны алу қиын, – дедім басымды шайқап. – Ондай мүмкіндік болса, сөз жоқ, қуанақуана барар едім.

– Оның бір жолын табуға болады. Менің туған әпкем сен оқитын жоғарғы оқу орнында қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы. Сол кісіге айтып көрейін, мүмкін көмектесіп қалар. Жолың болып түсіп кетсең, тіпті жақсы. Өте алмай қалсаң да – ұтылмайсың, өз оқуыңды жалғастыра бер. Оқуды тастап, ауылға кетем деген ойды анау кәуақ басыңнан қуып таста. Бойыңда журналистикаға, әдебиетке деген құштарлық болса, дәрігер болып жүріп-ақ талай дүниелерді тындыруға болады. Орыстың талантты жазушысы Чеховтың мамандығы дәрігер болғанын білетін боларсың. Талант – тасты жарады, ол науқас жандарды емдеп жүріп-ақ тамаша шығармалар жазып, бүкіл әлемді таңқалдырды емес пе? – деді Кәкім басыма қонатын ақыл айтып.

Кәкімнің мына сөздері маған қамшы болып, өз-өзімді қолға алдым. Лекциялардан қалмай, барлық емтихандарды ойдағыдай тапсырып болып, сол жолы сан түрлі сылтау айтып, ауылға бармадым. Жатақханада жалғыз қалып, КазГУ-ге түсу үшін дайындықты бастап кеттім. Жұлдызым оңынан туып, Кәкімнің әпкесі аттестатымды уақытша алып берді.

Шынында да, Құдай қолдаймын десе, қолдайды екен. Барлық емтихандарды үздік тапсырып, журналистика факультетіне студент болып қабылданғанда, өзіме сенбедім. Оқуға түскенімді Кәкім досым екеуміз екі күн жуып, бір апта болса да ауылға барып келмек болып, жолға жиналдым.

Ата-анам, бауырларым менің келгеніме қуанып, кезек-кезек бетімнен сүйіп жатыр.

– Құлыным-ау, түрің боп-боз болып кетіпті, бір жерің ауырып жүрген жоқ па? – деп анашым бәйек болып, жанымнан шықпай жүр.

– Болашақ дәрігер де ауыра ма екен? Балам жолдан шаршап келген болар? – деп әкем арқамнан қақты.

КазГУ-ге түскенімді ешкімге тіс жарып айтқан жоқпын. Бұл жөнінде Алмас көкем де білмейді. Докторлық диссертация қорғау мәселесімен Мәскеуде жүр. Ертесіне апамның қан қысымы көтеріліп, дәрі беріп, укол салып едім, екі-үш сағаттан кейін орнынан тұрып: «Айналайын! Қолың жеңіл екен, құлан-таза айығып кеттім», – деп менің бетімнен сүйді.

...Кеңес дәуірі кезінде жаңа оқу жылы басталардың алдында бір айға ауылшаруашылық жұмыстарына жіберетін дәстүр бар еді. КазГУ-дің журналистер даярлайтын бөлімінің бірінші курс студенттері Алматының шетіндегі совхозға барып, алма теруге кірісіп кеттік. Жататын жеріміз де, асханамыз да – шаруашылықтың мәдениет үйі. Күні бойы алма теріп шаршасақ та, кешке қарай би ұйымдастырып, думандатып жатамыз. Сол кезде саясат солай болды ма, журналистика факультетінде қыздар өте аз оқитын. Біздің тобымызда үш-ақ қыз болды. Үшеуі де мектепті биыл ғана бітірген бойжеткендер. Майраны, Жібек пен Нұрсұлуды бәріміз туған қарындасымыздай жақсы көріп, еркелетеміз. Үшеуі де сүп-сүйкімді, еліктің лағындай, сұлу көріктеріне жібектей мінездері жарасып тұрады.

Шаруашылықта алма теріп жүргенімізге бір аптадай болып қалған. Самат, Ринат үшеуміз шаруашылық орталығындағы азық-түлік дүкеніне барып келсек, алма жиналған жәшіктердің жанында жаңа ғана жайраңдап, көңілді жүрген үш қызымыз ботадай боздап жылап отыр.

– Көкетайлар-ау, сендерге не болды? Кім ренжітті сендерді.

Үшеуміздің де дауысымыз жарыса шықты.

– Жергілікті үш-төрт жігіт бізге жаман-жаман сөздер айтты, қолдарын жүгіртті, – деді Майра иегі кемсеңдеп.

– Кімдер олар? Неткен оңбағандар еді? – деді ашудан түтігіп кеткен, балуан денелі Самат. – Көрсетші маған, әкелерін танытайын.

– Анау тұрған жігіттер, – деді Майра жыламсырап. – Жүк машинасының жанында тұрған сол ұятсыздар.

Самат, Ринат үшеуміз темекі шегіп, өздерінше қарқ-қарқ етіп күліп тұрған әлгілерге жақындадық.

– Әй, оңбағандар, неге біздің қыздарды ренжітесіңдер, қалайша былапыт сөздер айтып, қол жүгіртесіңдер? Кәне, жүріңдер, еркекше сөйлесейік, қандай батыр екендеріңді көрейік, – деді Ринат та жұдырығын түйіп.

– Мынау не дейді-ей, – деді дөңкиген қара біреуі. – Қыздарың сұлу екен шетінен. Құшақтайын десем, асау байталша ұстатпайды. Сен кімсің бізге қоразданатын? Тұмсығыңды бұзбай тұрғанда тайып тұр бұл жерден!

Ол сөзге келместен Ринатты періп-періп жіберді. Сол-ақ екен, төбелес басталды да кетті. Олар төртеу, біз үшеуміз. Тұмсық бұзып, бас жармасақ та, біраз жерге бардық. Әйелі бар, еркегі бар қой деудің орнына бізге жабылып кетті. Көп ұзамай-ақ ысқырығын безілдетіп учаскелік милиционер келді. Мән-жайды анықтамақ болып, қолына қойын дәптерін алуы мұң екен: «Мына үш студент темекі шегіп тұрған төрт жігітке өздері келіп соқтықты. Ұяттары жоқ, тәрбиесіз балалар екен. Мұндайларды жазалау керек», – деп жан-жақтан қаумалап алды. Майра, Нұрсұлу, Жібек үшеуі бізді қарлығашша шырылдап қорғап, болған жайды айта бастап еді, бір кексе әйел: «Бұл үш қыз өтірік айтып, біздің жігіттерге жала жауып тұр. Мына үш оңбаған өздерімен-өздері тұрған жұмысшыларға тиісіп, сабай бастады», – деп байбалам-дап, айқай салды. Жанында тұрғандар да оны қостай жөнелісті. Учаскелік инспектор орта жастағы кісі еді. Бізге қарағанда ауылдастарының сөзін көбірек тыңдап, соларға бүйрек бұрып тұрғандығы айтпаса да айқын аңғарылып тұрды. Ол тиісті құжаттарды толтырып, куәлерге қол қойдырып тайып тұрды.

(Жалғасы бар).

ҚАЗАҚСТАНДА ӘКІМШІЛІК АМНИСТИЯ: МЫҢДАҒАН АЗАМАТТЫҢ АЙЫППҰЛЫ КЕШІРІЛУІ МҮМКІН

Қазақстанда бұрын-соңды болмаған әкімшілік амнистияны енгізу мәселесі қызу талқыланып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған бұл қадам қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға және азаматтарға жеңілдік жасауға бағытталған. Егер заң жобасы қабылданса, мыңдаған қазақстандықтың айыппұлы толық немесе ішінара есептен шығарылуы мүмкін.

Әлеуметтік осал топтарға басымдық беріледі

Парламент кулуарында Сенат депутаты Марат Қожаев әкімшілік амнистияның негізгі бағыттарын түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда түрлі мемлекеттік органдар мен қоғам тарапынан ұсыныстар жиналып жатыр.

Депутаттың пікірінше, ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға қолдау көрсету маңызды:

– Қазір әр тараптан ұсыныстар жиналып жатыр. Осы талқылауларда ең алдымен әлеуметтік жағынан осал топтарды амнистиялау керек деген пікірлер айтылып жүр. Олар – еңбек ардагерлері, соғыс ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі жандар, көпбалалы отбасылар және басқа да санаттар», – деді Марат Қожаев.

Бұл бастама қоғамдағы теңсіздікті азайтуға және әлеуметтік әлсіз топтардың қаржылық жүктемесін жеңілдетуге бағытталған.

Айыппұлдардың мақсаты – бюджет емес, тәртіп

Амнистияға байланысты басты сұрақтардың бірі – айыппұлдарды кешіру мемлекеттік бюджетке кері әсер ете ме деген мәселе. Бұл сауалға жауап берген Қожаев айыппұлдардың негізгі мәні қаржы жинау емес екенін атап өтті:

– Мұндай алаңдаушылық бар. Бірақ айыппұл салудың негізгі мақсаты – бюджет толтыру емес, ең алдымен құқық бұзушылықтың алдын алу, – деді сенатор.

Яғни, әкімшілік жазалардың басты міндеті – тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу.

Қандай құқықбұзушылықтар кешіріледі?

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, амнистия тек қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін құқықбұзушылықтарға қатысты болады. Атап айтқанда:

- ұсақ әкімшілік құқықбұзушылықтар;
- әлеуметтік маңызы төмен істер;
- азаматтарға немесе мемлекетке елеулі зиян келтірмеген жағдайлар.

Сонымен қатар, ауыр және қауіпті қылмыстар жасаған тұлғалар амнистияға ілікпейді. Олардың қатарында:

- терроризм және экстремизм;
- сыбайлас жемқорлық;
- кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар;
- қайталама ауыр құқықбұзушылықтар бар.

Айыппұлдарды есептен шығару қалай жүзеге асады?

Ішкі істер органдарының мәліметінше, амнистия аясында жеке тұлғалардың төленбеген айыппұлдарын толық немесе жартылай кешіру мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Бұл ретте:



- нақты санаттар;
- кешірілетін айыппұл көлемі;
- рәсімдеу тәртібі

арнайы заң жобасы аясында айқындалады.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов тиісті министрліктерге қысқа мерзім ішінде нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырған.

Қазақстан үшін тарихи қадам

Бұл бастама – еліміздегі алғашқы әкімшілік амнистия болмақ. Бұған дейін Қазақстанда тек қылмыстық амнистиялар жүргізілген еді. Жаңа тетік азаматтардың құқықтық жүйеге деген сенімін арттырып, әлеуметтік саясаттың тиімділігін күшейтуі мүмкін.

Жалпы алғанда, әкімшілік амнистия – тек айыппұлдарды кешіру ғана емес, қоғамдағы гуманистік ұстанымдарды нығайтуға бағытталған маңызды реформа. Алдағы уақытта заң жобасының нақты тетіктері бекітіліп, оның қаншалықты кең ауқымды болатыны белгілі болады.

Алмас АБЫЛАЙ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулері, оның ішінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға тыйым салу, алдын алу бойынша Департаменттің Әдеп уәкілі М.Абдираимова қызметкерлер арасында түсіндірме жұмысын жүргізді.

Қазақстан Республикасында 2024 жылғы 8 шілдеде ҚР Президенті «Ойын бизнесі, лотерея қызметі мәселелері бойынша» Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабына 6-тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге (және бірқатар басқа санаттағы адамдарға) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу тікелей тыйым салынады. Бұл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу ретінде белгіленген.

Тыйым салынады:

- Ойын мекемелерінде (казино, ойын залдары т.б.) құмар ойындарға қатысу;
- Бәс тігу (букмекерлік кеңселер арқылы);
- Интернет арқылы (онлайн-казино, онлайн-бәс тігу, телекоммуникация желілері, соның ішінде мобильді қосымшалар арқылы) қатысу.

Құмар ойындарға және бәс тігуге қатысу мемлекеттік қызметшінің мынадай тәуекелдерге ұшырауына әкелуі мүмкін:

- Қарызға бату → пара алуға, жемқорлық жасауға итермелеу
- Психологиялық тәуелділік (лудомания) → шешім қабылдау қабілетінің нашарлауы
- Қызметтік беделге нұқсан келтіру → мемлекеттік органның сенімділігі төмендеуі
- Мүдделер қақтығысының пайда болуы

Сондықтан бұл тыйым сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында енгізілген және ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының әдеп нормаларымен, Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексімен тығыз байланысты.

Тыйымды бұзған жағдайдағы жауапкершілік:

Қызметтен босату (жұмыстан шығару) – ең ауыр шара

Тәртіптік жауапкершілік (сөгіс, қатаң сөгіс, лауазымнан төмендету т.б.)

Кейбір жағдайларда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік (егер жемқорлық құрамы болса)

Алдын алу:

1. Өзін-өзі бақылау – құмар ойындар мен бәс тігу сайттарына, қосымшаларына кірмеу
2. Хабардар болу – әріптестер арасында талқылау, семинарларға қатысу
3. Ескерту – егер тәуелділік белгілері байқалса, көмек сұрау (психолог, eGov Mobile арқылы өз бетінше тыйым салу мүмкіндігі бар – 1 жылдан 10 жылға дейін)
4. Хабарлау – егер әріптесінің заң бұзғаны белгілі болса, тиісті органдарға (әдеп жөніндегі кеңес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) хабарлау – бұл міндет
5. Үлгі болу – мемлекеттік қызметшінің өмір салты қоғам үшін үлгі болуы тиіс

Мемлекеттік қызмет – бұл тек жұмыс емес, бұл қоғам алдындағы жауапкершілік. Құмар ойындар мен бәс тігуге қатыспау – заң талабы ғана емес, сонымен бірге өзіміздің және мемлекетіміздің беделін сақтаудың жолы.

«Әділет - ақпарат».

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тұран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы «Жеке тұлғалардың меншігіндегі көлік құралдарына салынатын салық» бойынша Қазақстан Республикасының Салық Кодексі 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Кодексіне сәйкес (әрі қарай – Салық Кодексі) енгізілген өзгертулер бойынша салық төлеушілер назарына ұсынады.

Салық кодексінің 563 бабының 1 тармағына сәйкес, осы бабта өзгеше белгіленбесе, меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

Бұл салық ел бюжетінің кірісін толықтыруға және жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталады. Көлік құралы тіркелген әрбір азамат заң бойынша осы салықты төлеуге міндетті.

Бұл салық ел бюжетінің кірісін толықтыруға және жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталады. Көлік құралы тіркелген әрбір азамат заң бойынша осы салықты төлеуге міндетті.

Жаңа Салық кодесіне сәйкес, 10 жылдан асқан астам пайдаланып жүрген жеңіл автокөліктер бойынша көлік салығын есептеу тәртібі өзгерді. Мұндай көліктерге түзету коэффициенті – 0,7 пайыз қолданылады, ал 20 жылдан астам пайдаланып жүрген көліктерге түзету коэффициенті – 0,5 пайыз қолданылады.

Көлік салығын төлеуден шаруа және фермер қожалықтары бір жеңіл жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралы бойынша босатылады. Әрбір шаруа немесе фермер қожалығына бір көлік есебінен.

Салық кодексінің 563-бабының 5-тармағына сәйкес, салық салу объектісінен кімдер босатылады?

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарына ие болған адамдар, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің және "Отан" орденінің иегерлері, "Батыр ана" атағына ие болған немесе "Алтын алқа" не "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналар – салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша;

Салық кодексінің 567 бабының 2 тармағына сәйкес, Жеке тұлғалардың салық төлеуі тұрғылықты жері бойынша бюджетке есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көлік салығын уақытылы төлеу – әрбір көлік иесінің заң алдындағы міндеті. Бұл төлем елдің жол инфрақұрылымын дамытуға және мемлекеттік бюджет кірісін толықтыруға ықпал етеді. Сондықтан азаматтар өз көліктеріне қатысты салық міндеттемелерін уақытында орындауы қажет екендігі жайында хабарлайды.

Б. Е. АЛТЫНБЕК,
Тұран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Өндірістік емес төлемдер бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, ҚР Салық кодексінің 109-бабының шарттарына сәйкес 2026 жылы мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын салық төлеушілердің бастапқы тізімін (кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылатын (есептік тіркеуден шығарылған, қызметін тоқтатқан) жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін жариялайды.

Барлық сұрақтар бойынша:

Шымкент қаласы, Театр көшесі, 33 ғимаратта орналасқан Абай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласуды сұрайды.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым
Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 622

ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ МЕДИАКЕҢІСТІК ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ЗАМАНАУИ ОҚУЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Қазіргі кезеңде журналистика жанрларының табиғаты технологиялық өзгерістерге байланысты жаңа сипатқа ие болуда. Ақпарат тарату жылдамдығының артуы, аудиторияның медиатұтыну әдеттерінің өзгеруі, әлеуметтік желілердің ықпалы жанрлық құрылымдардың қайта қаралуына алып келді. Осындай жағдайда журналистика жанрларының теориясын жүйелеу ең өзекті ғылыми мәселе.



М.Шиндалиеваның (суретте) «Қазіргі журналистика жанрлары» оқулығы осы сұранысқа жауап беретін, дәстүрлі теориялық ұстанымдарды цифрлық дәуір талаптарымен ұштастырған іргелі еңбек болып табылады. Оқулық жанр ұғымының мәнін ашумен қатар, оның қазіргі медиакеңістіктегі трансформациясын кешенді талдайды.

Автор жанр ұғымын журналистика ғылымындағы іргелі категория ретінде қарастырады. Жанр: тарихи қалыптасқан шығармашылық пішін; мазмұн мен композицияның бірлігі; аудиториямен коммуникация орнату моделі ретінде сипатталады. Бұл анықтамалар жанрды тек пішіндік құрылым емес, коммуникациялық феномен ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Автор жанр теориясын статикалық емес, динамикалық категория ретінде ұсынады.

Оқулықта жанрлардың тарихи эволюциясы мен қазіргі трансформациясы өзара сабақтастықта қарастырылған. Бұл тәсіл жанрлық жүйенің үздіксіз даму сипатын айқындайды.

Оқулық алты бөлімнен тұрады және мазмұндық жағынан жүйелі құрылған. Бірінші бөлімде дәстүрлі БАҚ пен жаңа медианың арақатынасы қарастырылады. Автор медиатрансформацияны техникалық өзгеріс ретінде ғана емес, жанрлық эволюция ретінде түсіндіреді.

Бас редакция институтының өзгеруі, журналист дербестігінің артуы, аудиторияның интерактивті сипат алуы жанрлық модельдердің жаңаруына ықпал ететін факторлар ретінде талданған.

Екінші бөлімде жанрлардың классификациясы ғылыми тұрғыдан негізделген. Ақпараттық, сараптамалық және көркем-публицистикалық жанрлар үш ірі топ ретінде қарастырылып, олардың ішкі құрылымдық ерекшеліктері айқындалған. Бұл классификация дәстүрлі теорияны сақтай отырып, жаңа медиадағы өзгерістермен толықтырылған.

Бөлімде журналистика теориясының өзекті мәселелерін жүйелі әрі заманауи ғылыми парадигма аясында қарастыруымен ерекшеленеді. Бұл жанр ұғымының теориялық табиғатын ашып қана қоймай, оның тарихи эволюциясы мен цифрлық дәуірдегі трансформациясын кешенді түрде түсіндіреді. Бөлімдегі басты артықшылық жанр ұғымын біржақты емес, көпқырлы категория ретінде қарастыруында. Автор жанрды: мазмұндық құрылым, пішіндік модель, функционалдық тетік, коммуникативтік құрал ретінде сипаттап, оның журналистикадағы әмбебап маңызын көрсетеді. Жанрдың мазмұн, пішін және функция бірлігі ретінде талдануы ғылыми жүйеліліктің айқын көрінісі. Бұл студенттерге жанрды тек тәжірибелік үлгі ретінде емес, теориялық категория ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Жанр теориясының дәстүрлі негіздері сақтала отырып, қазіргі медиакоммуникация жағдайындағы өзгерістер ескерілген. Мәселен, жанрлардың ақпараттық, сараптамалық және көркем-публицистикалық болып жіктелуі классикалық мектепке сүйенсе, олардың мультимедиалық, интерактивті сипат алуы жаңа ғылыми бағыттың көрінісі. Бұл тұрғыда автордың ғылыми ұстанымы Л.Е. Кройчик мен А.Л. Тертычный еңбектеріндегі жанрлық жүйелеу қағидаларымен сабақтасып, цифрлық медианың ықпалымен толықтырылады. Сонымен қатар, интернет-журналистика мен конвергенция мәселелері В.К. Сафронов еңбектеріндегі тұжырымдармен үндес сипатта берілген. Бұл оқулықтың теориялық негізінің заманауи ғылыми әдебиеттерге сүйенгенін көрсетеді.

Осы бөлімінде жанр эволюциясы кезең-кезеңімен қарастырылған: дәстүрлі баспасөз кезеңі, радио және телевидение дәуірі; тәуелсіздік кезеңі, цифрлық журналистика кезеңі. Мұндай хронологиялық жүйелеу жанрлардың қоғаммен және технологиямен тығыз байланысын дәлелдейді. Автор жанрды «тұрақты пішін» емес, «динамикалық жүйе» ретінде көрсетеді. Әсіресе жанр трансформациясын тарихилық, бейімделушілік және сабақтастық заңдылықтары арқылы түсіндіруі бөлімнің ғылыми құндылығын арттыратын маңызды тұс. Оқулықтың тағы бір артықшылығы ретінде жанр трансформациясын тек теориялық деңгейде емес, нақты медиапрактикамен байланыстыруында.

Автор: мультимедиалық репортаж, подкаст, блогинг, сторителлинг, TikTok-журналистика, деректер журналистикасы сияқты жаңа форматтарды жанрлық эволюция контексінде қарастырады. Бұл студенттерге жаңа медианың тек техникалық құрал емес, жанрлық жүйені өзгертетін фактор екенін түсіндіреді.

Ақпараттық, сараптамалық және көркем-публицистикалық жанрлардың ерекшелігі нақты критерийлер арқылы салыстырылып берілген. Мақсаты, авторлық ұстаным деңгейі, тілдік-стильдік ерекшелігі, аудиторияға әсер ету тәсілі анық көрсетіледі. Мұндай құрылымдық салыстыру студенттерге жанрларды шатастырмай, функционалдық айырмашылығын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Автор жанрлар арасындағы шекараның бұлдырлануын ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, жанрлық синтез құбылысын негіздейді. Бұл қазіргі медиа зерттеулеріндегі маңызды бағыттардың бірі. Жанрлардың араласуы медиа конвергенциясының нәтижесі екендігі нақты көрсетілген. Мұндай пайымдау оқулықтың ғылыми деңгейін айқындайды.

Екінші бөлімде журналистика жанрларын тек классикалық үлгіде түсіндірумен шектелмей, оларды XXI ғасыр медиакеңістігінің шынайы контексінде қарастырады.

Үшінші бөлім ақпараттық жанрларға арналған. Мұнда жаңалық, сұхбат, репортаж, пресс-релиз, лонгрид, подкаст, инфографика, дата-журналистика секілді жанрлар кеңінен талданады. Автор ақпараттық жанрлардың мультимедиалық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Мысалы: репортаж тікелей эфир форматымен ұштасады, сұхбат мультимедиалық және бейнеформатта беріледі, жаңалық инфографика және деректер визуализациясымен толықтырылады. Бұл бөлім жанрлардың конвергентті сипат алғанын дәлелдейді.

Төртінші бөлімде сараптамалық жанрлардың ерекшелігі қарастырылған. Сараптамалық мақала, есеп, комментарий, рецензия, шолу, журналистік зерттеу жанрлары қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды құралдары ретінде талданады. Автор сараптамалық жанрлардың тек ақпарат беру емес, себеп-салдарлық байланыстарды ашу, әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру қызметін атқаратынын атап өтеді. Қазіргі медиакеңістікте сараптамалық материалдардың маңызы артып отырғаны ғылыми тұрғыда негізделген.

Бесінші бөлім очерк, эссе, сатиралық жанрларға арналған. Бұл бөлімде автор көркем-публицистикалық жанрлардың эмоциялық ықпал ету әлеуетін талдайды. Цифрлық медиада эссе, авторлық колонка, блог формаларының дамуы көркем-публицистикалық жанрлардың жаңа тыныс алғанын көрсетеді. Автор дәстүрлі очерк жанрының қазіргі онлайн форматта жаңаша көрініс табатынын дәлелдейді.

Алтыншы бөлім оқулықтың жаңашыл бағытын айқындайды. Блог, подкаст, стриминг, TikTok, Instagram, YouTube платформаларындағы жанрлық үлгілер талданған. Автор жанрлық трансформацияны әлеуметтік желілердің интерактивті табиғатымен байланыстырады. Бұл бөлімде азаматтық журналистика феномені қамтылған. Жанрлар тек мәтіндік емес, аудиовизуалды, интерактивті сипатқа ие болғаны ғылыми тұрғыда түсіндіріледі.

Оқулықтың ғылыми жаңалығы: жанр теориясын цифрлық медиамен байланыстыра қарастыруы, дәстүрлі классификацияны сақтай отырып, жаңа жанрлық формаларды енгізуі, теория мен практиканы үйлестіруі, отандық және шетелдік тәжірибені салыстыра талдауы. Автор жанрды медиакоммуникацияның динамикалық құрылымы ретінде пайымдайды.

Оқулықтың құрылымдық жүйелілігі, тест сұрақтарының берілуі, практикалық мысалдардың қамтылуы оны оқу үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Студенттер үшін бұл еңбек журналистикадағы жанр табиғатын түсінуде сауаттылық қалыптастырады, кәсіби дағдыны жетілдіреді, медиакеңістіктегі өзгерістерді түсінуге көмектеседі.

Еңбектің мазмұны кең әрі жүйелі. Дегенмен, болашақта келесі бағыттарды тереңдетуге болады: жасанды интеллекттің жанр трансформациясына әсері, алгоритмдік журналистика, медиаэтика және фактчекинг мәселелерін жанр контексінде кеңейту. Бұл ұсыныстар оқулық мазмұнын одан әрі толықтыра түсер еді.

Барлық бөлімдердің тағы бір ерекшелігі теория мен тәжірибенің үйлесімді берілуі. Автор тек жанр классификациясын сипаттап қоймай, оның қазіргі медиакеңістіктегі қолданылу пішіндерін көрсетеді. Мысалы: жаңалықтың Telegram форматында қысқаруы, сұхбаттың подкастқа айналуы, репортаждың live-трансляцияға көшуі, сараптамалық мақаланың инфографикамен толықтырылуы. Бұл мысалдар оқулықты тек теориялық еңбек емес, тәжірибелік құрал ретінде де бағалауға мүмкіндік береді.

Әр бөлімнің соңында берілген практикалық тапсырмалар оқулықтың маңызды артықшылықтарының бірі. Тапсырмалар: жанрға ғылыми анықтама беру, салыстырмалы талдау жасау, дәстүрлі және цифрлық форматты салыстыру, кесте құрастыру, қорытынды жасау сияқты академиялық дағдыларды дамытады. Бұл әдіс студенттердің сараптамалық ойлауын, ғылыми тілде жазу қабілетін, медиамәтінді жанрлық тұрғыда талдау дағдысын қалыптастырады.

М.Б.Шиндалиеваның «Қазіргі журналистика жанрлары» оқулығы жанр теориясын заманауи медиакеңістіктің талаптарымен ұштастырған ғылыми-әдіснамалық еңбек. Оқулық журналистика жанрларын тарихи қалыптасқан жүйе ретінде ғана емес, цифрлық дәуірде үздіксіз трансформацияланып отырған динамикалық құбылыс ретінде қарастырады. Еңбек журналистика ғылымының дамуына үлес қосатын, жоғары оқу орындарында кеңінен қолдануға лайық, теориялық деңгейі жоғары оқу құралы ретінде бағаланады.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,
«Тұран» университеті Медиа және мәдениетаралық коммуникация Жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Филология ғылымдарының докторы, «Тұран» университетінің зерттеуші-профессоры Шиндалиева Менликул Бурханқызы – отандық және шетелдік медиабілім мен журналистика ғылымына қомақты үлес қосып жүрген ғалым. Қазақ журналистикасының теориясы мен медиабасқару саласының ғылыми негізін қалыптастыруда жоғары оқу орнының журналистика факультетінің студенттеріне арнап медиаменеджмент, маркетинг, БАҚ-тағы жарнама, журналистиканың жанрлары, медиажоспарлау, шетел журналистикасы туралы оқулықтар жазып, бірнеше буын ұрпақты білім нәрімен сусындатып отырған әдіскер. Әдіскер-ғалымның еңбектерін бірнеше сала бойынша тарата сөз етуге болады.

Біріншіден, республикалық, халықаралық басылымдарда еңбек ете жүріп ғұмырлық тәжірибе жинақтаған ғалым. Еңбек жолын республикалық «Лениншіл жас» және «Егемен Қазақстан» газеттерінен бастаған ол қазақ журналистикасынан бүгінге дейін қол үзген жоқ. 1991-1993 жылдары «АзиЯ» халықаралық газетінің Ресей Федерациясындағы арнаулы тілші қызметін атқарған жылдары шетелдік аудиториямен жұмыс істеу, халықаралық тақырыптарды игеру, мәдениетаралық коммуникация ерекшеліктерін терең игерді. Республикалық, халықаралық басылымдардан жинаған тәжірибесін кейінгі жылдары ғылыммен ұштастырып, «Омбы өңірі қазақтарының әдеби шығармашылығы (XVIII-XIX ғ.)», «Қазақ очеркінің қалыптасуы, дамуы», «Очерк табиғаты», «Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық мұрасы» (ұжымдық) тәрізді монографияларын оқырманға ұсынды.

«Омбы өңірі қазақтарының әдеби шығармашылығы (XVIII-XIX ғ.)» монографиясында Омбы өңірі қазақтары поэзиясының бастауы шешендік өнерден бастап қарастырылған. Автор Омбы қазақтың жері болғандықтан, онда қазақы дәстүр, салт-сана бұзылмаған күйінде сақталғаны, жаңа туған баланың шілдеханасынан бастап, үйлену, құда болу, құрбандық шалу, айт секілді ұлттық мәдени әдет-ғұрыптарымыз бүгінге дейін жеткенін баса айтады. Омбыдағы шешендік өнер Байсерке Түгелұлы, Тоқсан Жабайұлы, Бапан би, Сақұлақ, Домақ сынды шешендік өнердің ірі өкілдерінің шығармалылығы аясында қарастырылып, би-шешендер мұрасының көркемдік жетістігі ғылыми сараланған.

Ақындық өнер зерттелген екінші бөлімде Бектұрдың, Олжабайдың ақындық мұрасының көркемдік кестесі қарастырылса, үшінші бөлімде Байсерке абыз, Тоқсан, Шоң, Торайғыр, Бапан билермен бірге Сақұлақ, Домақ шешендердің мұрасы, Қанжығалы Олжабайдың «Ермек» қиссасы зерттеу нысанына алынды. Мәселен, сөзінің салмақтылығымен, ойының салиқалығымен баурап алатын Бектұр Батырқожаұлының кідіріссіз жырлайтын төкпе ақын екендігі, халық өмірін жырлауда тек әділдікке ғана жүгінгендігі нақты шығармаларымен көрсетілген. Тоқсаныншы жылдары ғылымға келгендердің көпшілігі әдебиеттің ақ қалған беттерін, яғни Алаш әдебиетін зерттеуге ден қойғанда, М.Шиндалиеваның Омбы қазақтарының әдебиетін зерттеуге деген талпынысынан қазақ әдебиетін кең ауқымда зерттеуге деген құлшынысы байқалады. Бүгінде Ресей еліне қарап отырған омбылық қазақтардың шығармашылығы жөніндегі: «Ертістің Омбы өңірі би-шешендері, ақындары адам бойындағы асыл қасиеттер – ақыл, парасат, адал еңбек, өнер, ғылым, білім т.б туралы оң пікір қалдырып, сол арқылы қоғамдық ой-пікірдің дами түсуіне айтарлықтай үлес қосқан. Бірақ солардың бәрін толық қамтыдық, білдік, жинадық, жұртшылық игілігіне айналдырдық дей алмаймыз. Әлі де жіті қарап, үңіле зерттеу ісін жалғастыру керек», - пікірін қолдауға болады. Омбылық би-шешендер мен ақындардың мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға түсірудегі ғалым пікірлері негізге алынып, кейін осы тақырып басқа қырларынан зерттелді.

«Қазақ очеркінің поэтикасы» монографиясында қазақ очерктерінің зерттелу, қалыптасу жолдары және жанрлық дараланулы сияқты өзекті мәселелер алғаш рет жан-жақты қарастырылып, ғылыми пайымдаулар жасалды. «Қазақ очеркінің тарихы» атты бірінші тарауда очерк жанрына сипаттама беріп, көркем очерктегі идея мен шындық, сюжет пен композиция, тип және типология, очерктегі ойдан шығару мәселесі мен қазақ очерктеріндегі характерлер жүйесіне талдау жасалды.

«Қазақ очеркінің тарихи негіздері» деп аталатын екінші тарауда байырғы жазба ескерткіштердегі очерктің дерекшілдік нышандары, шежірелік еңбектердегі очерктік белгілер, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ очерктері, қазақ тақырыбындағы орыс очерктері, қазақ очеркінің шығармашылық түр ретінде дамуы, қазақ очеркіндегі тақырыптық ізденістер кезеңі тәрізді мәселелер арнайы қарастырылды.

«Қазақ очеркінің түрлері» деген үшінші тарауда очерктің публицистикалық, көркем оқиғалы, мемуарлық, лирикалық-философиялық, жол-сапар, портреттік, этнографиялық түрлері арнайы қарастырылды. Очерктің этнографиялық түрлерін сөз еткенде А.Сейдімбектің «Ойсылқара», «Бүркіт» этнотанымдық очерктеріне талдау жасай келіп, «...этнографиялық очерктерде ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық өнер түрлері, ұлттық ойындар мен спорттың түрлері, ұлттық тағам түрлері, ұлттық мерекелер, тарихи ескерткіштер т.б. туралы кеңінен жазылады. Бұл очерктерде нақтылы этнографиялық деректерді молынан пайдалана отырып, публицистикалық көркем тілмен жазылса ғана оқушы зердесінде қалады», - деген тұжырым жасаған.

«Қазақ очеркінің көркемдік ерекшелігі» атты төртінші тарауда очерктің көркемдік негізі, диалогтың шынайылығы, образ сомдау шеберлігі, пейзаждың қызметі, тілі мен стилі тәрізді мәселелер қарастырылды.

Екіншіден, ғылым мен білімді ұштастырған әдіскер-ғалым. 1996 жылы «Ақындық пен шешендіктің дәстүрлі байланысы» деген тақырыпта кандидаттық, 2006 жылы «Қазақ әдебиетіндегі очерк жанрының поэтикасы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Бүгінде ол «Қазақ журналистиканың тарихы», «Әлем журналистикасының тарихы», «Әдеби редакциялау» «Сөз өнерінің бастауы», «Очерк табиғаты», «Қазақ очеркінің дамуы, қалыптасуы», «Қазақ әдебиетіндегі очерк жанрының поэтикасы», «Қазіргі қазақ журналдары», «Журналистикадағы менеджмент пен маркетинг», «Публицистика жанрлары мен пішіндері», «БАҚ-тағы жарнама технологиясы», «Уақыт және суреткерлік шеберлік: жанрлар поэтикасы», «Медиа коммуникация психологиясы», «Редакциялау: теориясы мен тәжірибесі», «Медиажоспарлау» оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдардың авторы ретінде республика мен алыс-жақын елдерге танымал.

Үшіншіден, шетел журналистикасын зерттеп, ол туралы оқулық, оқу әдістемелік жазған ғалым. «АзиЯ» халықаралық газетінде қызмет істеген жылдары шетел журналистикасын тереңдеп зерттеу қажеттілігін түсінді. Жоғары оқу орнында қызмет істеген жылдары осы ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік туды. «Шетел журналистикасы», «Азия елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары» оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары – осындай ізденістердің нәтижесі.

«Шетел журналистикасы» оқулығының құрылымы негізгі бес бөлімді қамтиды. Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған оқу құралында шетел журналистикасының тарихы мен теориясы қамтылған. Оқулықтың алдына қойған мақсаты жөнінде автор былай дейді: «Шетел журналистикасының тарихын зерттеудегі мақсат – жоғары оқу орындарындағы болашақ журналист, баспа ісі, қоғаммен байланыс мамандарын дайындау (олардың тарихи-филологиялық, әдебиет тарихы, журналистика тарихы, экономика мен философия, мәдениеттану, құқық) барысында оқылатын шетел журналистикасы тарихын толық меңгеруі тиіс».

Оқулықтың «Еуропа журналистикасының қалыптасуы мен дамуы» деген бөлімде Еуропадағы алғашқы газет-журналдардың пайда болуы, XVII-XIX ғасырдағы Еуропа журналистикасы, XX ғасырдағы Еуропадағы баспасөз, Еуропадағы телевидение дамуы, Франция журналистикасының тарихы мен теориясы, Ұлыбритания журналистикасының даму тенденциясы, неміс журналистикасының қалыптасуы мен дамуы, Италия журналистикасының жаңаша бағыты, Испания, Нидерланды Корольдігі, Финляндия журналистикасының қалыптасуы мен дамуы қарастырылған.

«Шығыс Еуропа журналистикасы: кеше, бүгін» атты екінші бөлімінде Шығыс Еуропа журналистикасының дамуы, Поляк Халық Республикасы, Венгрия, Югославия, Болгария, Чехия, Хорватия, Румыния, Грекияның бұқаралық ақпарат құралдары қарастырылса, «Америка, Канада журналистикасы» деген үшінші бөлімінде XVII-XIX ғасырдағы Америка журналистикасы, XX ғасырдағы Американың мерзімді баспасөзі, радиохабардың даму үрдісі, телевизиясы, Канаданың бұқаралық ақпарат құралдары зерттеу нысанына алынып, олар туралы тың деректер ұсынылған.

«Латын Америкасы, Африка журналистикасының даму бағыты» деп аталатын төртінші бөлімде Латын Америкасы, Африка газет-журналдары мен телерадиосының өзіндік сипаты қарастырылса, «Азия журналистикасындағы ізденістер» деген бесінші бөлімде Азиядағы мерзімді баспасөз, телерадио хабарын тарату жүйесі тәрізді журналистиканың негізгі ерекшеліктеріне көңіл аударылған.

Көріп отырғанымыздай, қолымыздағы оқулықта Еуропа мен Азия елдері журналистикасының қалыптасуы мен дамуы тыңғылықты зерттеліп, бірнеше ел журналистикасының даму тарихы қарастырылған.

Төртіншіден, шәкірт тәрбиелеген ұстаз-педагог. Ұзақ жылдар Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры қызметін атқара жүріп, бірнеше буын шәкірттерді тәрбиеледі. «Халықаралық журналистика және бұқаралық коммуникация», «Ақпарат агенттіктерінің жұмысы», «БАҚ және саясат», «Баспасөздің сараптамалық жанрлары», «Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері», «Отандық және шетел баспа ісі», «Ақпараттық қауіпсіздік және интернет», «Баспа ісіндегі жарнама», «А.Сейдімбектің шығармашылық зертханасы», «Қазақстандағы отандық журналистиканың қалыптасуындағы публицистиканың рөлі» тәрізді авторлық курстарды жүргізді.

2008-2010 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 10.01.02 – қазақ әдебиеті және 10.01.07 – салыстырмалы әдебиеттану мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д.14.31.03 диссертациялық кеңесінің ғалым хатшысы қызметін атқарды. Сонымен бірге 2011 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», 2012 жылы «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты атанды.

Бесіншіден, медиаменеджмент пен маркетинг мәселелерін арнайы қарастыруы. Ғалым зерттеулерінен ерекше орын алатын медиаменеджмент пен маркетинг мәселелеріне үңілетін болсақ, автордың журналистиканы тек шығармашылық үдеріс емес, күрделі әлеуметтік-экономикалық институт ретінде қарастыруы орынды. Қазіргі цифрландыру заманында бұл екі мәселені бірінен-бірін бөліп жаруға болмайды. Бұл ғалым зерттеулерінің журналистика ғылымының заманауи талаптарына бағытталғандығын байқатады. Медиаменеджмент стратегиялық басқару, кадрлық саясат, қаржылық тұрақтылық, инновациялық даму мәселелерін қамтыса, медиабасқарудың жаңа моделін онлайн медианың дамуы, әлеуметтік желілердің ықпалы, алгоритмдік контент тарату жүйелерімен ұштастыра зерттеуі орынды.

Алтыншыдан, ұстаздарын ұлықтаған шәкірт. Ұстаздары академик Рымғали Нұрғали мен Ақселеу Сейдімбектің артында қалған мұраларын жинап, насихаттап жүрген шәкірттің бұл бағыттағы еңбектерін де ерекше атаған ләзім. «Академик Р.Нұрғалидың ғылыми мектебі» атты жинақ құрастырып, ол туралы ілгерінді-кейінді жазылған пікірлер мен лебіздерді, мақалалар мен зерттеулерді жинау, топтау оңай шаруа емес. Міне, осындай игілікті шаруалардың басы-қасында жүріп, ұстаздарының рухына тағзым жасаудың әдемі үлгісін көрсетіп келеді.

Белгілі ғалым-жазушы, публицист, филология ғылымының докторы, журналистика кафедрасының меңгерушісі Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің библиографиялық көрсеткішін құрастырып, «А.Сейдімбектің шығармашылық зертханасы» авторлық курсын жүргізді. Сонымен бірге «Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық мұрасы» атты ұжымдық монографияның жазылуына, жарық көруіне басшылық жасады.

Жетіншіден, білім мен ғылымды, ғылым мен отбасын ұштастыра білген абзал ана, аяулы әже. Ол осындай қыруар шаруаларды атқара жүріп, бала тәрбиелеп, ұл өсіріп, немерелерін бауырына басып отырған ақ әже.

Қорыта айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Шиндалиева Менликул Бұрханқызы қазіргі журналистика ғылымы саласында тыңғылықты еңбек етіп, отандық және шетелдік журналистиканың қалыптасуы мен дамуын зерттеп жүрген ғалым, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз, журналистиканың бірнеше саласы бойынша пән оқулықтарын жазып жүрген әдіскер. Ол бүгінгі таңда 300-ден астам ғылыми-зерттеу мақала, 30-ға жуық оқулық пен оқу құралдары, 3 монографияның авторы. Осы еңбектердің бүгінгі таңда өзекті болып отырғаны – ғалым еңбектерінің ғұмырлы екенінің айғағы.

Гүлжаһан ОРДА,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы